Бекітемін
«Мұнайтелеком» ЖШС-інің
Бас директордың міндетін атқарушы
С.К. Кулсариев

"22" _____ 2026ж. № 86/П

БІРІКТІРІЛГЕН МЕНЕДЖМЕНТ ЖҮЙЕСІ

«МҰНАЙТЕЛЕКОМ» ЖШС-нің ЕҢБЕКТІ ҚОРҒАУ, ӨНЕРКӘСІПТІК ҚАУІПСІЗДІК ЖӘНЕ ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ САЛАСЫНДАҒЫ МЕРДІГЕРЛІК ҰЙЫМДАРМЕН ӨЗАРА ҚАРЫМ- ҚАТЫНАСЫ БОЙЫНША СТАНДАРТ

СТ-ИСМ-05

Мазмұны

1. Құжат мақсаты және жалпы ереже 3
2. Қолдану саласы 3
3. Анықтамалар және қысқартулар 4
4. Жауапкершілік және өкілеттіктер 8
5. Процестің сипаттамасы 11
5.1 Мердігерлермен өзара іс-қимыл бойынша жалпы тәсіл 11
5.2 Мердігерлермен жұмысты жоспарлау 11
5.3 Мердігерлердің алдын-ала біліктілігі 12
5.4 Тендер, мердігермен шарт таңдау және жасасу 13
5.5 Мердігерді жұмылдыру және жұмысқа жіберу (жұмыстар мен қызметтер үшін) ..
5.6 Мердігердің жұмыстарды орындауы 14
5.7 Жұмыстың аяқталуы бойынша бағалау 16
6. ӨНІМДІЛІК КРИТЕРИЙ ----------21
7. Нормативтік сілтемелер 22
8. Қолданылатын нысандар 23
Өзгерістерді тіркеу парағы 25
Танысу парағы 26

1. Құжат мақсаты және жалпы ереже

1.1. «Мұнайтелеком» ЖШС-нің еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау салаларындағы мердігер ұйымдармен өзара іс-қимыл жасау стандарты (бұдан әрі – Стандарт) Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына, Қор қорының тәртібіне, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компаниялар тобының өндірістік қауіпсіздік, еңбекті қорғау және қоршаған ортаны қорғау салаларында мердігер ұйымдармен өзара іс-қимыл жасау стандартына (KMG-ST-3524.2-13), «Мұнайтелеком» ЖШС-нің сапа, экология, денсаулықты қорғау, еңбек қауіпсіздігі және API Spec. Q2 стандарттары саласындағы интеграцияланған саясатына, Еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы саясатына (П-ИСМ-12), Алкогольге, есірткі құралдарына, психотроптық заттарға және олардың аналогтарына қатысты саясатына (П-ИСМ-13), Жерүсті көлік құралдарын қауіпсіз пайдалану саласындағы саясатына (П-ИСМ-11), «Мұнайтелеком» ЖШС-нің денсаулықты қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау салаларындағы менеджмент жүйесі жөніндегі басшылығына (Р-ИСМ-02), «Қоршаған ортаны қорғауды басқару» құжатталған рәсіміне (ДП-ИСМ-08), «Мұнайтелеком» ЖШС қызметкерлеріне арналған «Өмірлік маңызды қағидалар» атты еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы стандартына (СТ-ИСМ-04), сондай-ақ еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау саласындағы IOGP халықаралық стандарттары мен ұсынымдарына сәйкес әзірленген (бұдан әрі – ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ) және «Мұнайтелеком» ЖШС-нің (бұдан әрі – МТК) ішкі құжаты болып табылады.

1.2. Осы Стандарттың мақсаттары:

1. МТК объектілерінде тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді (бұдан әрі – ТЖҚ) орындауды, көрсетуді және жеткізуді жүзеге асыратын Мердігер/Қосалқы мердігер ұйымдардың еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау (ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ) салаларындағы қызметін ұйымдастыруға, тиімді басқаруға және бақылауға қойылатын бірыңғай талаптарды белгілеу;

2. МТК объектілерінде Мердігер/Қосалқы мердігер ұйымдар жұмыстарды орындаудың (қызметтерді көрсетудің) барлық кезеңдерінде тәуекелдерді және қауіпті әрі зиянды өндірістік факторларды анықтау, бағалау және төмендету.

1.3. Негізгі қағидаттар

МТК-ның еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау (ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ) салаларында Мердігер ұйымдармен өзара іс-қимыл жасаудың негізгі қағидаттары:

1) жұмыстарды қауіпсіз орындау (қызметтерді көрсету) тұжырымдамасын дамыту және ілгерілету, сондай-ақ өндірістік жарақаттануды нөлдік деңгейге жеткізуге ұмтылу;

2) Мердігер ұйымдар қызметінің ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы заңнамалық талаптарға және МТК талаптарына сәйкестігін қамтамасыз ету;

3) ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ салаларында Мердігер ұйымдарды таңдау, олармен өзара іс-қимыл жасау және олардың қызметінің тиімділігін талдау тәсілдерін жүйелеу;

4) МТК мен Мердігер ұйымдар активтерінің тұтастығын қамтамасыз ету үшін тәуекелдерді және қауіпті әрі зиянды өндірістік факторларды тиімді басқару;

5) ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ-тың барлық аспектілеріне, сондай-ақ әлеуметтік жауапкершілікке қатысты бақылау мен мониторингті қамтамасыз ету;

6) Мердігер ұйымдар арасында тәуекелдерді және қауіпті әрі зиянды өндірістік факторларды басқару жөніндегі озық тәжірибелерді, тәсілдер мен әдістерді тарату;

7) ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ саласында Мердігер ұйымдарды ынталандыру тетіктерін енгізу;

8) ТЖҚ-ны (мердігерлік шарттарды) тәуекел деңгейі бойынша (төмен, орташа, жоғары) санаттарға бөлудің тәуекелге бағдарланған тәсілін енгізу, бұл ретте Мердігерлерге қойылатын сараланған талаптарды, алдын ала біліктілік бағалауының тереңдігін және ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы міндеттемелердің орындалуын бақылау деңгейін белгілеу;

9) табиғи ресурстарды ұтымды пайдалануды және қалдықтардың түзілуін барынша азайтуды қамтамасыз ету, ресурстарды үнемдейтін және экологиялық қауіпсіз технологияларды енгізу;

10) жұмыстарды жоспарлау және орындау (қызметтерді көрсету) кезінде қоршаған орта мен биоалуантүрлілікке әсерін ескеру, қажетті экологиялық тексерулер жүргізу және бүлінген аумақтарды қалпына келтіру жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыру;

11) ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ саласында МТК мен Мердігер ұйымдар қызметінің нәтижелілігін арттыру;

12) Мердігер ұйымдармен өзара іс-қимыл жасау кезіндегі қауіпсіздік көрсеткіштерін бақылау және мониторингтеу, оның ішінде Мердігерлердің жұмыскерлерімен болған оқиғаларды, сондай-ақ Мердігерлердің көлік құралдары мен арнайы техникасының қатысуымен болған жол-көлік оқиғаларын есепке алу.

2. Қолданылу саласы

2.1. Осы Стандарттың талаптарын МТК қызметкерлері мен Мердігерлердің қызметкерлері міндетті түрде орындауға тиіс. Стандарт ТЖҚ жеткізуді, жұмыстарды орындауды және қызметтерді көрсетуді, оның ішінде МТК объектілеріндегі барлық ілеспе жұмыстар мен қызметтерді қамти отырып, МТК-ның барлық Мердігерлеріне қолданылады.

2.2. Осы Стандарт МТК-да KMG-ST-3524.2-13 стандартының талаптарын қолдануды қамтамасыз етеді. Осы Стандарттың талаптары KMG-ST-3524.2-13 стандартының талаптарынан төмен болмауға тиіс.

2.3. Мердігер ұйымдар қызметкерлерінің осы Стандарт талаптарын сақтау жөніндегі жауапкершілігі тиісті Шартпен реттеледі. МТК басшылығы мен құрылымдық бөлімшелердің басшылары ТЖҚ жеткізуге, жұмыстарды орындауға және қызметтерді көрсетуге арналған Шарт жасасу кезінде осы Стандарттың талаптарын басшылыққа ала отырып, Мердігер ұйым үшін осындай міндеттемелерді айқындауға жауапты болады.

2.4. Еңбек қатынастары, қызметкерлердің тамақтануын ұйымдастыру және оларды тұрғын үймен қамтамасыз ету саласындағы Мердігер ұйымдарға қойылатын

талаптар «Мұнайтелеком» ЖШС-нің мердігер ұйымдармен өзара іс-қимыл жасау қағидаларында (ПР-ИСМ-35) белгіленеді және осы Стандартпен бірге қолданылады.

2.5. Осы Стандарттың Шарттың нысаны мен мазмұнына қойылатын талаптары Стандарт қолданысқа енгізілгеннен кейін жасалатын Шарттарға қолданылады. Осы Стандарт қолданысқа енгізілгенге дейін жасалған Шарттар оларда белгіленген талаптарға сәйкес орындалады. Мұндай Шарттардың мерзімі ұзартылған немесе оларға өзгерістер енгізілген жағдайда, олардың талаптары осы Стандартқа сәйкес келтірілуге тиіс.

3. Анықтамалар мен қысқартулар

Қор	«Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамы
МТК	«Мұнайтелеком» Жауапкершілігі Шектеулі Серіктестігі
МЖ	Менеджмент жүйелері
ЕжҚОҚТ	Еңбекті және қоршаған ортаны қорғау тобы
Стандарт Фонда	"Самұрық-Қазына "ұлттық әл-ауқат қоры" акционерлік қоғамының және дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы тікелей немесе жанама түрде "Самұрық-Қазына" АҚ-на 2022 жылғы "3" наурыздағы № 193 меншік немесе сенімгерлік басқару құқығымен тиесілі заңды тұлғалардың сатып алуларын жүзеге асыру тәртібі
ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ	Еңбекті қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау
ТЖҚ	Тауар/жұмыс және қызметтер
Шарт әкімшісі	ТЖҚ сатып алуды әкімшілендіруге және Мердігерлік ұйыммен шарт жасасуға жауапты МТК құрылымдық бөлімшесі
Сауалнама	Әлеуетті мердігердің ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы біліктілік критерийлеріне сәйкестігін анықтауға бағытталған мәселелер тізбесі
Зиянды өндірістік фактор	Қызметкерге әсер етуі ауруға немесе еңбекке қабілеттілігінің төмендеуіне және (немесе) ұрпақтарының денсаулығына теріс ықпал етуге әкеп соғуы мүмкін өндірістік фактор
Тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу туралы шарт	МТК мен Жеткізуші (Мердігер) арасында жасалған, белгіленген тәртіппен тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алуға бағытталған азаматтық - құқықтық шарт
Қоршаған ортаның ластануы	Қоршаған ортаға ластаушы заттардың, радиоактивті материалдардың, өндіріс және тұтыну қалдықтарының түсуі, сондай-ақ шудың, тербелістердің, магнит өрістерінің және өзге де зиянды физикалық әсерлердің қоршаған ортаға әсері

Заңнамалық талаптар	Халықаралық конвенцияларды, стандарттар мен шарттарды, сондай-ақ мемлекетаралық келісімдерді қоса алғанда, нормативтік құқықтық және рұқсат беру құжаттарында көрсетілген талаптар
Шарт кураторы	Осы стандарт шеңберінде ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ мәселелері бойынша Мердігер ұйыммен жұмысты ұйымдастыруға және өзара іс-қимыл жасауға жауапты ЕҚ және ҚО тобының тағайындалған қызметкері
Желілік басшылар	Жұмыс өндірісіне тікелей басшылықты жүзеге асыратын МТК мекемесінің басшылары мен мамандары
Жұмылдыру алдындағы аудит	Жұмыстарды жүргізу/қызметтер көрсету алдында жабдықтың, техниканың, мүліктің және Мердігер Қызметкерлерінің дайындығына аудит жүргізу. Бұл аудит әлеуетті Тәуекелдерді анықтауға және алдын алуға бағытталған ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ мәселелері тұрғысынан маңызды болып табылады
Объект	Ғимараттар, құрылыстар, үй-жайлар, технологиялық жабдық - МТК мекемесінің аумақтарында (келісімшарттық аумақтарында) орналасқан және өндірістік қызметінде пайдаланылатын мұнайды қайта өңдеу қондырғылары, бұрғылау қондырғылары мен бұрғылау жабдығы, газ-мұнай айдау станциялары мен құбыржолдары, резервуарлық парктер, инженерлік құрылыстар мен полигондар, басқа да техникалық құрылғылар, көлік құралдары мен арнайы техника
Қауіпті өндірістік фактор	Қызметкерге уақытша немесе тұрақты түрде еңбек ету қабілетінен айырылу (өндірістік жарақат алу немесе кәсіптік ауру) немесе қайтыс болуына әсер етуі мүмкін өндірістік фактор
ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ	Еңбекті қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау саласындағы қызмет бағытына, келесідей бағыттар кіреді: еңбек қауіпсіздігі және қызметкерлердің денсаулығы мен еңбек гигиенасын қорғау, өнеркәсіптік, өрт және көлік қауіпсіздігі, төтенше жағдайлар, сәйкестікті басқару, қоршаған ортаны қорғау (шығарындыларды, төгінділерді және қалдықтарды басқару), табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану (су, жануарлар және өсімдіктер әлемі, энергия тиімділік)
Тәуекелді бағалау	МТК үшін оның басталу ықтималдығына және болуы мүмкін залалға бағалау жүргізу көмегімен сәйкестендірілген тәуекелдің сандық және/немесе сапалық көрсеткішін анықтау
Мердігерлік ұйым (Мердігер) / Жеткізуші	МТК мекеесімен жасалған мердігерлік шарт бойынша ТЖҚ орындайтын/көрсететін/жеткізетін жеке немесе заңды тұлға
Әлеуетті (Мердігер) / Жеткізуші	Кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке тұлға, ТЖҚ сатып алу туралы шарт жасасуға үміткер заңды тұлға (мемлекеттік мекемелерді қоспағанда, егер Қазақстан Республикасының

	заңдарында олар үшін өзгеше белгіленбесе), заңды тұлғалардың уақытша бірлестігі (консорциум)
ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ іс-шаралар жоспары	Заңнамалық талаптарға және осы стандарттың талаптарына сәйкес Мердігердің/Қосалқы мердігердің жұмыстарды орындауын/қызметтер көрсетуін ұйымдастыруға және бақылауға, ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы тәуекелдерді басқаруға бағытталған іс-шаралар жоспары
Оқиға	Еңбек қызметіне байланысты жазатайым оқиғаға, өртке, жарылысқа, авариядағы, жол-көлік оқиғасына немесе МТК бизнесі мен беделіне әсер ететін кез келген өзге де оқиғаға әкеп соққан немесе әкеп соғуы мүмкін МТК өндірістік қызметінің нәтижесінде немесе процесінде болған кез келген жоспарланбаған оқиға
Қызметкер	МТК-мен еңбек қатынастарында тұратын және еңбек шарты бойынша жұмысты орындайтын жеке тұлға
Мердігер ұйымның (Мердігердің) қызметкері (лері)	МТК үшін мердігерлік шарт бойынша ТЖҚ жүргізуді/көрсетуді/жеткізуді жүзеге асыратын Мердігерлік (Қосалқы мердігерлік) ұйымның кез келген қызметкері (лері)
Жұмыс орны	Қызметкердің еңбек қызметі процесінде еңбек міндеттерін орындауы кезінде оның тұрақты немесе уақытша болатын орны
Білікті әлеуетті жеткізушілердің тізілімі	Қор стандартына сәйкес Біліктілік органы қалыптастыратын ТЖҚ-ның білікті әлеуетті жеткізушінің тізімі
Тәуекел	Жағымсыз оқиғаның туындау мүмкіндігі, келесілерге теріс әсер етеді: сапа менеджменті жүйесі шеңберінде – тиісті сапаны қамтамасыз ету қабілеті, тәуекелдерді басқару жүйесі саласында – стратегиялық мақсаттарға табысты қол жеткізу қабілеті, денсаулық сақтау және еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету жүйесі шеңберінде – МТК қызметкерлерінің денсаулығына
МТК басшылығы (басшы қызметкерлер)	Басқарма төрағасы және мүшелері
Қосалқы мердігерлік ұйым (Қосалқы мердігер)	МТК алдындағы міндеттемелерін орындау үшін Мердігермен шарт бойынша белгілі бір жұмысты орындайтын жеке немесе заңды тұлға

4. Жауапкершілік пен өкілеттіктер

4.1. МТК басшылығы мен құрылымдық бөлімшелердің басшылары өз өкілеттіктері шегінде мыналарға жауапты:

1) өздері жетекшілік ететін қызмет бағыттары мен құрылымдық бөлімшелерде осы Стандарт талаптарының енгізілуін және сақталуын қамтамасыз ету;

2) еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау (ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ) талаптарының сатып алу, Шарттарды жасасу және орындау процестеріне енгізілуін қамтамасыз ету;

3) өздері жетекшілік ететін қызмет бағыттарында ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ талаптарын іске асыру үшін қажетті ресурстармен және жағдайлармен қамтамасыз ету;

4) өздері жетекшілік ететін қызмет бағыттарында Мердігер ұйымдармен ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы өзара іс-қимылдың тиімділігін бақылау;

5) Мердігер ұйымдардың қызметін бағалау нәтижелерін қарау және ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ талаптарының елеулі бұзушылықтарына қатысты шаралар қабылдау.

4.2. ЕҚ және ҚОҚ тобының (ГОТОС) басшысы мыналарға жауапты:

1) МТК-да осы Стандарт талаптарының сақталуын бақылау және мониторингтеу;

2) ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ саласында Мердігер ұйымдармен өзара іс-қимыл жасау процесін ұйымдастыруға әдістемелік жәрдем көрсету, сондай-ақ ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ тәуекелдерін анықтау мен бағалау бойынша әдістемелік қолдау көрсету;

3) ГОТОС қызметкерлерінің арасынан Шарт кураторын тағайындау;

4) МТК Мердігер ұйымдарының дерекқорын қалыптастыру және өзектендіру, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компаниялар тобының Мердігерлері дерекқорын қалыптастыру үшін ҚМГ-ға мәліметтер ұсыну, сондай-ақ қызмет нәтижелері бойынша Мердігердің ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы талаптарға сәйкестігі немесе сәйкес еместігі туралы ақпарат беру;

5) Мердігер ұйымдардың табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану, қалдықтардың түзілуін барынша азайту және қоршаған ортаға теріс әсердің алдын алу жөніндегі талаптарды сақтауын бақылау;

6) осы Стандартты өзектендіру және жетілдіру.

4.3. МТК Бас директорының өндірістік мәселелер жөніндегі орынбасары (оны алмастыратын тұлға) өз өкілеттіктері шегінде мыналарға жауапты:

1) заңнамалық талаптарға сәйкес объектілерде жұмыстарды орындауға (қызметтерді көрсетуге) байланысты тәуекелдерден және қауіпті әрі зиянды өндірістік факторлардан МТК қызметкерлері мен Мердігер ұйымдардың қызметкерлерінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету;

2) осы Стандарттың талаптарына сәйкес Мердігер ұйыммен жасалатын Шартты таңдау және бекіту;

3) Шарт кураторының ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы құзыреттерге сәйкестігін қамтамасыз ету;

4) жұмыстар басталғанға дейін тәуекелдерді бағалауды жүргізуді қамтамасыз ету;

5) Мердігер ұйымның ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту;

6) Мердігер ұйымның ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ талаптарын орындауын бақылауды қамтамасыз ету;

7) Мердігер ұйымдармен жасалатын Шарттарға табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану және қалдықтардың түзілуін барынша азайту талаптарын қоса алғанда, экологиялық талаптардың енгізілуін қамтамасыз ету.

8. Мердігер ұйымдардың қоршаған орта мен биоалуантүрлілікке теріс әсердің алдын алу жөніндегі іс-шараларды орындауын бақылау, сондай-ақ экологиялық бұзушылықтар анықталған кезде ден қою шараларын қабылдау;

9. анықталған бұзушылықтар мен сәйкессіздіктер бойынша ден қою шараларын қабылдау;

10. қызметкерлердің өмірі мен денсаулығына немесе қоршаған ортаға негізді түрде қауіп төндіретін жұмыстарды тоқтата тұруды қамтамасыз ету;

11. жұмыстарды орындау (қызметтерді көрсету) аяқталғаннан кейін Желілік басшымен және Шарт кураторымен бірлесіп, Мердігердің қызметін бағалауға жеке өзі немесе уәкілетті орынбасары арқылы қатысу.

4.4. Сатып алу жөніндегі куратор өз өкілеттіктері шегінде мыналарға жауапты:

1. Мердігермен жасалатын Шарттың Мердігер қызметіне қолданылатын ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы талаптарға сәйкестігін қамтамасыз ету;

2. Шарт кураторы ұсынған ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы талаптардың тендерлік құжаттамаға толық көлемде және белгіленген мерзімдерде енгізілуін қамтамасыз ету;

3. ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы тәуекел деңгейіне әсер етуі мүмкін сатып алу көлеміндегі немесе шарттарындағы өзгерістер туралы Шарт әкімшісін және Шарт кураторын уақтылы хабардар ету;

4. Қор тәртібінде көзделген алдын ала біліктілік іріктеуін жетілдіруге, оның ішінде ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы өлшемшарттарды енгізу бөлігінде жәрдем көрсетуді қамтамасыз ету.

4.5. Шарт әкімшісі өз өкілеттіктері шегінде мыналарға жауапты:

1. Шарттың қолданылу кезеңінің барлық сатыларында Мердігер ұйыммен жасалған Шарттың құжаттамалық сүйемелденуін және оның орындалуын үйлестіруді қамтамасыз ету;

2. Мердігер ұйымның рұқсат беру құжаттарының (лицензиялардың, рұқсаттардың, жұмысқа жіберу құжаттарының, сертификаттардың, сақтандыру полистерінің және өзге де құжаттардың) бар-жоғын және олардың қолданылу мерзімдерін бақылау;

3. Мердігер ұйымның құжаттамасынан анықталған сәйкессіздіктер туралы Шарт иесін және Шарт кураторын уақтылы хабардар ету;

4. ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ мәселелері бойынша Мердігер ұйымға жіберілетін хабарламаларды, нұсқамаларды және хат-хабарларды құжаттамалық сүйемелдеу;

5. Мердігер ұйымның ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ талаптарына сәйкестігін тексеруге (аудитке) қатысу.

4.6. Желілік басшылар мыналарға жауапты:

1. өздерінің басқаруындағы немесе бақылауындағы объектілерде Мердігер ұйымдардың осы Стандарт талаптарын сақтауын бақылау және мониторингтеу;
2. өндірістік алаңда/жұмыс учаскесінде жұмыстардың қауіпсіз орындалуын қамтамасыз ету;
3. Мердігер ұйымның ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ жөніндегі іс-шаралар жоспарындағы талаптарды орындауын келісу, бақылау және мониторингтеу;
4. өз бөлімшелерінің қызметкерлерін және Мердігер ұйымдардың қызметкерлерін осы Стандарт талаптарымен таныстыруды, жұмыстарды орындау (қызметтерді көрсету) кезінде осы талаптарды енгізуді, орындауды және олардың сақталуын бақылауды қамтамасыз ету;
5. Мердігер ұйымның ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ талаптарына сәйкестігін тексеруді (аудитті) ұйымдастыру және оған қатысу;
6. тәуекелдерді (қауіпті және зиянды өндірістік факторларды) анықтау және бағалау процесін ұйымдастыру, ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы тәуекелдерді төмендетуге бағытталған тиісті бақылау шараларын қабылдау;
7. ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ талаптарының бұзылуы анықталған кезде дереу шаралар қабылдау;
8. қызметкерлердің өмірі мен денсаулығына немесе қоршаған ортаға қауіп туындаған кезде жұмыстарды тоқтата тұру;
9. Мердігер ұйымның қызметіне байланысты оқиғаларды тергеп-тексеруге қатысу;
10. Мердігердің ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы қызметіне бағалау жүргізу;
11. ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ талаптарын бұзған жағдайда Мердігер қызметкерін жұмыстарды орындаудан (қызметтерді көрсетуден) шеттету және бұл туралы Е және ҚОҚ-ты дереу хабардар ету.
12. Мердігер ұйымның ішкі тексерулерінің (аудиттерінің) актілерін алу және талдау, сондай-ақ анықталған бұзушылықтар бойынша шаралар қабылдау.

4.7. ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ тобы (ГОТОС) мыналарға жауапты:

1. тәуекелдерді (қауіпті және зиянды өндірістік факторларды) бағалауға қолдау көрсету және ТЖҚ-ның (Шарттың) тәуекел санатын айқындау;
2. Шарт бойынша ТЖҚ көлеміне сәйкес Мердігер ұйымның ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы тәуекелдерді басқару қабілеті мен мүмкіндіктерін бағалау;
3. Мердігерлер қызметінің тиімділігін арттыру мақсатында оларды ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы ақпараттандыру және хабардар ету жөніндегі іс-шараларды (кеңестер мен форумдарды) ұйымдастыру және өткізу;
4. Мердігерлердің қызметкерлеріне кіріспе нұсқама өткізу және оларды Өмірлік маңызды қағидалармен таныстыру;
5. МТК-да осы Стандарт талаптарының сақталуын бақылау және мониторингтеу.

4.8. Шарт кураторы мыналарға жауапты:

1. сатып алуды жоспарлау кезеңінде ТЖҚ-ны ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы тәуекел деңгейлері бойынша санаттарға бөлу;
2. Мердігермен жасалатын Шартқа оның қызметіне қолданылатын ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы барлық талаптарды енгізу;

3. Шарт жасасу кезеңінде Мердігер ұсынған ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ жөніндегі іс-шаралар жоспарын келісу;

4. өндірістік қызметті қауіпсіз жүргізуге Мердігерді ынталандыру жөніндегі ұсыныстарды дайындау және оларды Шартқа енгізу (қолданылатын жағдайда);

5. Мердігердің ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы қызметінің тиімділігі туралы ақпаратты жинау, талдау және ұсыну, оның ішінде ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы тексерулердің (аудиттердің) нәтижелері бойынша Мердігердің түзету іс-шараларын орындауын бақылау;

6. МТК мен Мердігер арасындағы ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы өзара іс-қимылды үйлестіру;

7. Мердігердің ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы қызметіне бағалау жүргізу.

4.9. МТК қызметкері мыналарға жауапты:

1. жұмыстарды дайындау және орындау (қызметтерді көрсету) барысында ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы заңнамалық талаптарды және осы Стандарттың талаптарын сақтау;

2. Мердігерлер ТЖҚ жеткізген, жұмыстарды орындаған немесе қызметтерді көрсеткен кезде туындайтын тәуекелдер (қауіпті және зиянды өндірістік факторлар) туралы уақтылы хабарлау.

4.10. Мердігер ұйымдармен ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы өзара іс-қимыл процесіне қатысты рөлдер мен міндеттер жауапкершілік матрицасында көрсетілген.

5. Процестің сипаттамасы

5.1. Мердігерлермен өзара іс-қимыл жасаудың жалпы тәсілі

5.1.1. Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау (ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ) салаларында Мердігер ұйымдармен өзара іс-қимыл жасаудың тиімділігі осы Стандартта көзделген барлық іс-шараларды кезең-кезеңімен орындауға байланысты. Бұл іс-шаралар ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы тәуекелдерді (қауіпті және зиянды өндірістік факторларды) болдырмауға және олардың туындауына жол бермеуге бағытталған.

5.1.2. ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ саласында Мердігер ұйымдармен өзара іс-қимыл жасаудың жалпы моделі осы Стандарттың 2-қосымшасында (СТ-ИСМ-05-02 нысаны) келтірілген.

5.2. Мердігерлермен жұмысты жоспарлау

5.2.1. Мердігер ұйымдардың ТЖҚ жеткізуін, жұмыстарды орындауын және қызметтерді көрсетуін жоспарлау тәуекелге бағдарланған тәсіл негізінде жүзеге асырылады және оқиғалардың алдын алуға, сондай-ақ жұмыстардың қауіпсіз орындалуын (қызметтердің қауіпсіз көрсетілуін) қамтамасыз етуге бағытталған.

5.2.2. МТК басшылығы Мердігер ұйымды ТЖҚ жеткізуге, жұмыстарды орындауға немесе қызметтерді көрсетуге тарту қажеттілігі туралы шешім қабылдағаннан кейін ГОТОС басшысы ТЖҚ сатып алу бойынша Шарт кураторын ГОТОС қызметкерлерінің арасынан тағайындайды.

5.2.3. Шарт әкімшісі Шарт кураторына жоспарланған ТЖҚ туралы, оның ішінде ТЖҚ жеткізу, жұмыстарды орындау және қызметтерді көрсету сипаты, көлемі, орны, мерзімдері мен шарттары туралы ақпарат береді.

5.2.4. Шарт кураторы жоспарлау кезеңінде:

1) МТК-ның өндірістік қызметі шеңберінде ТЖҚ жеткізу, жұмыстарды орындау және қызметтерді көрсету үшін қажетті, ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ мәселелері тұрғысынан сыни маңызы бар ТЖҚ көлемін айқындайды;

2) ТЖҚ жеткізу, жұмыстарды орындау және қызметтерді көрсету шарттарын бағалайды: жұмыстар мен қызметтер үшін — жыл мезгілін, климаттық жағдайларды, учаскенің қолжетімділігін, Объектінің қашықтығын, жергілікті жердің ерекшеліктерін, қолданыстағы өндірістік объектілердің болуын және Тәуекел деңгейіне әсер етуі мүмкін өзге де факторларды; тауарлар үшін — қауіпсіздікті, сапаны, сақтау және тасымалдау шарттарын, кепілдік міндеттемелерді және тауарды қауіпсіз пайдалануға әсер ететін өзге де факторларды бағалайды;

3) ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы ықтимал тәуекелдерді/қауіпті және зиянды өндірістік факторларды айқындайды;

4) ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ саласында қосымша бақылау шараларын қолдану қажеттілігін айқындайды.

5.2.5. Бағалау нәтижелері бойынша Шарт кураторы осы Стандарттың 3-қосымшасында (СТ-ИСМ-05-03 нысаны) келтірілген ТЖҚ-ны санаттарға бөлу критерийлеріне сәйкес ТЖҚ-ны ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы тәуекел деңгейлері бойынша санаттарға бөледі. Толтырылған ТЖҚ-ны санаттарға бөлу нысаны тендерлік құжаттаманы қалыптастыру басталғанға дейін Шарт әкімшісіне жіберіледі.

5.2.6. ТЖҚ-ны санаттарға бөлу нәтижелері Әлеуетті мердігерлерге қойылатын ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы талаптарды, сондай-ақ Мердігер ұйыммен өзара іс-қимыл жасаудың кейінгі кезеңдерінде жүргізілетін бақылау іс-шараларының көлемін айқындау үшін пайдаланылады.

5.2.7. Шарт кураторы ТЖҚ жеткізуге, жұмыстарды орындауға және қызметтерді көрсетуге тартылатын Әлеуетті мердігерлердің жабдықтарына, көлігіне, техникасына, мүлкіне және қызметкерлеріне қойылатын ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы талаптарды қалыптастырады.

5.2.8. Шарт әкімшісі сатып алу жөніндегі кураторға ТЖҚ-ны санаттарға бөлу бойынша толтырылған нысанды (3-қосымша, СТ-ИСМ-05-03 нысаны) тендерлік құжаттаманы қалыптастыру басталғанға дейін МТК-ның сатып алуды басқару жөніндегі құжаттарында (ДП-ИСМ-25, ПР-ИСМ-28) белгіленген тәртіппен жібереді.

5.3 Мердігердің алдын-ала біліктілігі

5.3.1 ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы талаптар Қордың тәртібімен реттеледі. ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ саласында сыни маңызы бар үлгілік ТЖҚ тізбесі тәуекел санаттары көрсетіле отырып, осы Стандарттың 3-қосымшасында (СТ-ИСМ-05-03 нысаны) келтірілген.

5.3.2. Әлеуетті мердігерлерді ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ критерийлері бойынша алдын ала біліктілік іріктеу сауалнама жүргізуді және техникалық (верификациялық) аудитті қамтиды. Аудит барысында техника мен жабдықтардың болуы, сапасы және жай-күйі, Мердігер ұйым қызметкерлерінің құзыреттілігі, құжаттаманың сәйкестігі және басқа да мәселелер тексеріледі. Әлеуетті мердігерлердің ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы біліктілік критерийлерін бағалауға арналған үлгілік сұрақтар тізбесі осы Стандарттың 4-қосымшасында (СТ-ИСМ-05-04 нысаны) келтірілген.

5.3.3. Қордың біліктілігі расталған әлеуетті өнім берушілер тізіліміне енгізілген әлеуетті мердігерлер біліктілігі расталған мердігерлер арасында өткізілетін тендерге қатысуға рұқсат алады.

5.3.4. ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ саласында сыни маңызы жоқ ТЖҚ сатып алу Қордың тәртібінің ережелеріне сәйкес жалпы негіздерде жүргізіледі. Бұл ретте Мердігерлермен жасалатын шарттарға осы Стандарттың 5.4, 5.5, 5.6 және 5.7-бөлімшелерінің талаптары қолданылады.

5.3.5. Алдын ала біліктілік іріктеусіз жүргізілетін, тәуекел санаты жоғары және орташа ТЖҚ сатып алу кезінде ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы талаптар Қордың тәртібімен рұқсат етілген шектерде техникалық ерекшелікке енгізіледі (5-қосымша, СТ-ИСМ-05-05 нысаны). Ал сауалнама (4-қосымша, СТ-ИСМ-05-04 нысаны) Мердігермен Шарт жасалғаннан кейін толтырылады және жұмылдыру алдындағы аудит барысында Шарт кураторының қарауына ұсынылады.

5.3.6. Сатып алу жөніндегі куратор Қордың тәртібіне сәйкес Әлеуетті мердігерлерді алдын ала біліктілік іріктеу рәсімдеріне ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы критерийлердің енгізілуін қамтамасыз етеді.

5.4. Мердігермен тендер өткізу, таңдау және шарт жасасу

5.4.1. Қордың біліктілігі расталған өнім берушілері арасындағы тендер өткізу рәсімдері және Мердігерді таңдау Қордың тәртібімен реттеледі. Тендерлік құжаттаманы қалыптастыру кезінде Қордың тәртібіне сәйкес Әлеуетті өнім берушінің жұмыс тәжірибесіне, жабдықтарына, техникасына, мүлкіне және қызметкерлерінің біліктілігіне қойылатын талаптар белгіленеді.

5.4.2. Шарт кураторы тендерлік құжаттаманы қалыптастыру шеңберінде осы Стандарттың 5-қосымшасында (СТ-ИСМ-05-05 нысаны) келтірілген нысан бойынша Шарттың техникалық ерекшелік бөліміне енгізу үшін ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы шараларға қойылатын талаптарды Шарт әкімшісіне ұсынуды қамтамасыз етеді.

5.4.3. Қажет болған жағдайда Шарт кураторы біліктілігі расталған мердігерлердің сұраулары бойынша немесе ТЖҚ сатып алу жалпы негіздерде жүргізілген кезде Әлеуетті мердігерлердің сұраулары бойынша ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ талаптарына қатысты қажетті түсініктемелер беруді қамтамасыз етеді.

5.4.4. Мердігермен жасалатын Шартта ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ жөніндегі жеке бөлім, сондай-ақ осы Стандарттың 6-қосымшасында (СТ-ИСМ-05-06 нысаны) келтірілген Мердігердің ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы міндеттемелері қамтылуға тиіс. Бұдан бөлек, Шартқа осы Стандарттың 7-қосымшасында (СТ-ИСМ-05-07 нысаны) келтірілген ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы келісім қоса беріледі, ол Шарттың ажырамас бөлігі болып табылады.

ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы келісім Мердігер орындайтын жұмыстардың (көрсететін қызметтердің) ерекшеліктерін, сондай-ақ жергілікті ерекшеліктер мен МТК-ның ішкі талаптарын ескере отырып толықтырылуы немесе өзгертілуі мүмкін.

Еңбек қатынастары, қызметкерлердің тамақтануын және тұруын ұйымдастыру салаларында Мердігерге қойылатын талаптар ПР-ИСМ-35 құжатына (ПР-ИСМ-35-01, ПР-ИСМ-35-02 нысандары) сәйкес Шартқа енгізіледі және осы Стандартта қайталанбайды.

5.4.5. Шартта Қосалқы мердігерлерді тарту шарттары көзделуге тиіс. Бұл ретте Мердігер Қосалқы мердігерді тарту процесінің осы Стандарттың талаптарына сәйкестігін қамтамасыз етуге міндетті.

5.4.6. Тапсырыс берушінің ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы барлық ішкі талаптарының тиісінше орындалуын қамтамасыз ету үшін Мердігер Шарт жасалғаннан кейін 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірмей осы Стандарттың 8-қосымшасында (СТ-ИСМ-05-08 нысаны) келтірілген нысан бойынша ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ жөніндегі іс-шаралар жоспарын әзірлеуге тиіс.

5.4.7. Мердігер әзірлеген ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ жөніндегі іс-шаралар жоспары (бұдан әрі — Жоспар) жұмыстарды орындауға (қызметтерді көрсетуге) байланысты ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ мәселелерін, сондай-ақ Мердігер және (немесе) Мердігердің қызметкері жұмыстарды орындау (қызметтерді көрсету) орнына жіберілгенге дейін осы мәселелерді шешу үшін қабылдануға тиіс шараларды сипаттауға тиіс.

Мердігер Жоспарды заңнамалық талаптарды, МТК-ның саясатын, стандарттары мен талаптарын, сондай-ақ жұмыстар жүргізілетін (қызметтер көрсетілетін) салада жалпыға бірдей қабылданған халықаралық іскерлік практиканы ескере отырып және оларға сәйкес әзірлеуге тиіс.

Егер көрсетілген талаптар мен практиканың жекелеген құрамдас бөліктері арасында жүйелілік болмаса немесе қайшылықтар туындаса, Мердігер заңнамалық талаптарда көзделген шектерде олардың ішіндегі ең қатаң талаптарға сәйкес келу үшін барлық күш-жігерін жұмсауға тиіс.

5.4.8. Мердігер ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ жөніндегі іс-шаралар жоспарын келісу үшін Шарт әкімшісіне ұсынады. Жоспарды Шарт әкімшісі, Шарт кураторы және Желілік басшы қарайды және келіседі, содан кейін оны МТК-ның Бас директоры (ол уәкілеттік берген орынбасары) 3 (үш) жұмыс күні ішінде бекітеді.

Ескертулер болған жағдайда Жоспар пысықтау үшін Мердігерге қайтарылады. Мердігер ескертулерді жойып, Жоспарды қайта қарауға ұсынады.

Мердігер Жоспарды МТК оны Шарт бойынша жұмыстарды орындау (қызметтерді көрсету) басталғанға дейін бекітетіндей етіп әзірлеуге тиіс.

МТК-ның Жоспарды қарауы Мердігерді оны заңнамалық талаптар мен осы Стандарттың талаптарына сәйкес жетілдіру және іске асыру міндетінен босатпайды.

Егер жұмыстарды орындау (қызметтерді көрсету) жобасына оларды орындау сипатына әсер ететін өзгерістер енгізілсе, Жоспарға тиісті түзетулер осы Стандартта белгіленген тәртіппен енгізіледі.

5.4.9. Мердігерді ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ саласында көтермелеу шарттары МТК-ның ішкі құжаттарымен айқындалады.

5.4.10. ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы талаптарды бұзғаны үшін айыппұл санкцияларын қолдану тетігі мен олардың мөлшері Шарт жасасу кезінде өңірлердің, Объектілердің ерекшеліктеріне, орындалатын жұмыстардың (көрсетілетін қызметтердің) сипаты мен көлеміне қарай айқындалады. Мердігердің ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ саласында белгіленген талаптарды бұзғаны үшін қолданылатын айыппұл санкцияларының үлгілік тізбесі осы Стандарттың 9-қосымшасында (СТ-ИСМ-05-09 нысаны) келтірілген және Шартқа міндетті қосымша болып табылады.

5.5. Мердігерді жұмылдыру және жұмысқа жіберу (жұмыстар мен қызметтер үшін)

5.5.1. Мердігер жұмыстарды орындау (қызметтерді көрсету) учаскесіне өзінің жабдықтарын, техникасын, мүлкін және қызметкерлерін жұмылдырудың болжамды мерзіміне дейін кемінде 10 (он) күн бұрын Шарт әкімшісіне, Шарт кураторына және Желілік басшыға мынадай құжаттар мен ақпаратты ұсынуға міндетті:

1. жұмыстарды орындау (қызметтерді көрсету) жобасы;
2. ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ жөніндегі іс-шаралар жоспары;
3. жұмыстарды ұйымдастыруға және қауіпсіз орындауға жауапты тұлғаларды тағайындау туралы бұйрық. Оның ішінде қауіптілігі жоғары жұмыстарды орындау орындарын дайындауға және қауіптілігі жоғары жұмыстарды тікелей орындауға жауапты тұлғаларды тағайындау туралы бұйрықтардың көшірмелері, сондай-ақ жабдықтардың, құрылыстардың және техникалық құрылғылардың жарамды күйде болуына, олардың қауіпсіз пайдаланылуына, өндіріс және тұтыну қалдықтарымен жұмыс істеуге жауапты тұлғаларды тағайындау туралы және ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ жөніндегі нормалар мен қағидаларда регламенттелген өзге де бұйрықтар;
4. ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ мәселелеріне жауапты тұлғалардың тізімі, олардың өкілеттіктері, міндеттері мен жауапкершілік аймақтарының сипаттамасы және байланыс деректері. Бұған жұмыстарды орындау жобасы шеңберінде ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ жай-күйіне тікелей жауапты тұлға туралы мәліметтер де кіреді;
5. инженерлік-техникалық қызметкерлер мен жұмысшылардың біліктілігін растайтын құжаттар, ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ бойынша білімдерін тексеру хаттамалары мен куәліктерінің көшірмелері;
6. көлік құралдарына, жабдықтарға, техника мен құралдарға берілген сертификаттар, рұқсаттамалар мен рұқсат құжаттары туралы ақпарат.

5.5.2. Осы Стандарттың 5.5.1-тармағында көрсетілген Мердігерден алынған ақпарат негізінде Шарт әкімшісінің басшысы Мердігермен бастапқы (ұйымдастыру) кеңес өткізуді ұйымдастырады. Кеңес барысында:

1. Мердігердің негізгі қызметкерлері жұмыстарды орындау (қызметтерді көрсету) жобасының міндеттерімен егжей-тегжейлі танысады;
2. Мердігерге алдағы жұмыстардың (көрсетілетін қызметтердің) ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы негізгі тиімділік көрсеткіштері жеткізіледі;
3. алдағы жұмыстарға (қызметтерге) байланысты барлық тәуекелдер/қауіпті және зиянды өндірістік факторлар, сондай-ақ олардың алдын алу шаралары нақтыланады;
4. осы жұмыстарды орындау (қызметтерді көрсету) жобасына арналған Мердігердің ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ жөніндегі іс-шаралар жоспарының мазмұны таныстырылады;
5. Мердігердің жұмылдырылатын жабдықтарына, техникасына, мүлкіне және қызметкерлеріне жұмылдыру алдындағы аудит жүргізу кестесі келісіледі;
6. жұмыстарды орындау (қызметтерді көрсету) барысында Мердігер қызметкерлерінің Шарт талаптары мен ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ стандарттарын сақтауын бақылауға және қамтамасыз етуге жауапты Мердігердің уәкілетті өкілі келісіледі.

5.5.3. Бастапқы кеңес өткізілгеннен кейін Желілік басшы, Шарт әкімшісі және Шарт кураторы Мердігермен келісілген мерзімде жұмыстарды орындау (қызметтерді көрсету) учаскесіне жұмылдыруға арналған Мердігердің жабдықтарына, техникасына, мүлкіне және қызметкерлеріне жұмылдыру алдындағы

аудит жүргізеді. Тәуекел санаты орташа ТЖҚ үшін жұмылдыру алдындағы аудит жүргізу қажеттілігін Тапсырыс беруші осы Стандарттың 3-қосымшасына (СТ-ИСМ-05-03 нысаны) сәйкес айқындайды.

5.5.4. Жұмылдыру алдындағы аудит нәтижелері бойынша Тапсырыс беруші Мердігерді жұмыстарды орындау (қызметтерді көрсету) орнына жұмылдыруды бастау туралы шешім қабылдайды. Мердігердің жабдықтары, техникасы, мүлкі мен қызметкерлері белгіленген талаптарға сәйкес келмеген жағдайда, бұрын анықталған сәйкессіздіктерді жою үшін Мердігерге қайтадан жұмылдыру алдындағы аудит жүргізіледі.

5.5.5. Мердігердің жабдықтары, техникасы, мүлкі мен қызметкерлері жұмыстарды орындау (қызметтерді көрсету) учаскесіне келгеннен кейін, сондай-ақ жабдықтарды монтаждау және баптау бойынша қажетті жұмыстар аяқталған соң, Мердігердің жұмысқа дайындығы іске қосу алдындағы бағалаудан өткізіледі және осы Стандарттың 10-қосымшасында (СТ-ИСМ-05-10 нысаны) келтірілген нысан бойынша Мердігерді жұмыстарды орындауға (қызметтерді көрсетуге) жіберу актісіне қол қойылады.

Мердігердің жабдықтарын, техникасын, мүлкін немесе қызметкерлерін ауыстыру қажет болған жағдайда, оларды тек жұмылдыру алдындағы аудиттен бұрын өткен жабдықтарға, техникаға, мүлікке және қызметкерлерге ауыстыруға жол беріледі.

5.5.6. 10-қосымшаға (СТ-ИСМ-05-10 нысаны) сәйкес ресімделетін жіберу актісі қауіптілігі жоғары жұмыстарды орындау кезінде және қолданыстағы Объектінің аумағында жұмыстар жүргізу кезінде Қауіптер мен тәуекелдерді анықтау қағидаларына (ПР-ИСМ-06) сәйкес ресімделетін наряд-рұқсат пен жіберу актісін алмастырмайды.

5.5.7. Мердігер ұйымды жұмыстарды орындауға (қызметтерді көрсетуге) жіберу барлық заңнамалық талаптар мен МТК-ның ішкі талаптарының орындалуын қамтамасыз ету шартымен жүзеге асырылады. Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде іске асырылатын жобалар үшін жергілікті заңнама мен МТК-ның ішкі талаптары ескеріледі.

5.5.8. Мердігер қызметкерлері Объектілерде жұмыстарды орындауға (қызметтерді көрсетуге) тек Шарт кураторы немесе ГОТОС-тың басқа қызметкері өткізетін ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ бойынша кіріспе нұсқамадан өткеннен кейін және Мердігер қызметкерлерінде жұмыстарды орындауға (қызметтерді көрсетуге) құқық беретін барлық қажетті құжаттардың бар-жоғы тексерілген соң ғана жіберіледі.

Кіріспе нұсқама Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 25 желтоқсандағы № 1019 бұйрығымен бекітілген қауіпсіздік және еңбекті қорғау мәселелері бойынша оқыту, нұсқама беру және білімді тексеру қағидалары мен мерзімдеріне сәйкес өткізіледі.

Кіріспе нұсқама шеңберінде Мердігердің барлық қызметкерлері осы Стандарттың 11-қосымшасында (СТ-ИСМ-05-11 нысаны) келтірілген Өмірлік маңызды қағидалармен міндетті түрде танысады. Кіріспе нұсқаманың өткізілгені ГОТОС тарапынан СТ-ИСМ-08-06 нысаны бойынша кіріспе нұсқаманы тіркеу журналында тіркеледі.

5.5.9. Жұмыстардың басшыларын қоса алғанда, Мердігердің барлық қызметкерлері ГОТОС-та кіріспе нұсқамадан өтеді.

5.5.10. Егер Мердігердің қызметкері қандай да бір себеппен ГОТОС-та кіріспе нұсқамадан өтпесе, ол Объектіде жұмыс істеуге жіберілмейді.

5.5.11. Егер Тапсырыс берушінің пікірінше, Мердігердің қандай да бір қызметкері жұмыстарды тиісінше орындамаса (қызметтерді тиісінше көрсетпесе), осы Стандарттың немесе Шарттың талаптарын сақтамаса не жұмыстардың тиісінше орындалуына (қызметтердің тиісінше көрсетілуіне) кедергі келтірсе, ГОТОС оның жұмыстарды орындаудан (қызметтерді көрсетуден) шеттетілуін жазбаша түрде талап ете алады. Мердігер мұндай қызметкерді дереу және өз қаражаты есебінен ауыстыруға міндетті.

5.5.12. Көлік құралдары мен арнайы техниканы ұсыну үшін Мердігерлер тартылған кезде (оның ішінде экипажымен бірге жалға беру жағдайында) Жерүсті көлік құралдарын қауіпсіз пайдалану саласындағы саясаттың (П-ИСМ-11) және «Автокөлікпен және арнайы техникамен қамтамасыз ету процесі» құжатталған рәсімінің (ДП-ИСМ-17) талаптары қосымша қолданылады.

5.6. Мердігердің жұмыстарды орындауы

5.6.1. Мердігер Мердігер қызметкерлерінің жұмыстарды (қызметтерді) заңнамалық талаптарға, оның ішінде Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне, Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексіне, Қазақстан Республикасының «Азаматтық қорғау туралы» Заңына, өрт қауіпсіздігі қағидаларына, сондай-ақ мұнай-газ саласының қауіпті өндірістік объектілерінде жұмыстарды орындау кезінде Мердігер жұмыстарды орындау кезінде мұнай және газ өнеркәсібінің қауіпті өндірістік объектілеріне арналған өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету қағидаларын, МТК-ның ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы қағидаларын, нұсқаулықтарын, регламенттері мен стандарттарын, оның ішінде денсаулықты қорғау және еңбек гигиенасы жөніндегі талаптарды (СТ-ИСМ-02), сондай-ақ Шартта көзделген ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы талаптарды қатаң сақтауға міндетті.

5.6.2. Мердігер Мердігер қызметкерлерімен болған оқиғалар туралы, сондай-ақ дәрігерге дейінгі және (немесе) білікті медициналық көмек көрсету жағдайлары, алкогольге, есірткі құралдарына, психотроптық заттар мен олардың аналогтарына қатысты саясаттың (П-ИСМ-13) бұзылуы туралы ГОТОС пен Желілік басшыға дереу, 1 (бір) сағаттан кешіктірмей хабарлауға міндетті.

Оқиғалар туралы хабарлау және оларды тергеп-тексеру «Мунайтелеком» ЖШС-де оқиғалар туралы хабарлау және оларды тергеп-тексеру тәртібі туралы қағидаларда (ПР-ИСМ-07) белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады. Осы талапты сақтау Мердігердің Шарт бойынша өз міндеттемелерін тиісінше орындауының аса маңызды шарты болып табылады.

5.6.3. Желілік басшы, Шарт әкімшісі, Шарт кураторы немесе ГОТОС-тың басқа жауапты қызметкері МТК үшін жұмыстарды орындау (қызметтерді көрсету) барысында Мердігер қызметкерлерімен және (немесе) Мердігердің жабдықтарымен байланысты болған оқиғаларды тергеп-тексеруге қатысады.

ГОТОС Мердігерден оқиғаларды тергеп-тексеру актілерінің көшірмелерін заңнамалық талаптарда белгіленген мерзімдерде, сондай-ақ жүргізілген тергеп-

тексеру нәтижелері бойынша әзірленген түзету іс-шараларының Мердігер тарапынан орындалуы туралы ақпаратты (есептерді) алады.

5.6.4. Мердігер жұмыстарды орындау (қызметтерді көрсету) барысында оның қызметінің ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ талаптарына сәйкестігіне ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ жөніндегі іс-шаралар жоспарында белгіленген мерзімдерде мерзімді тексерулер (аудиттер) ұйымдастырылып, жүргізіледі. Бұл ретте тексерулердің 2 (екі) түрі жүргізілуге тиіс: ішкі және сыртқы.

5.6.5. Ішкі тексерулерді (аудиттерді) Мердігер ұйымның ішінде Мердігердің ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ жөніндегі мамандары ұйымдастырып, жүргізеді. Мұндай тексерулер Мердігердің ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ жөніндегі іс-шаралар жоспарында көзделуге тиіс.

Тексерулерді жүргізу тәртібін Мердігер дербес айқындауға құқылы. Тексеру нәтижелері бойынша тиісті актілер жасалып, ГОТОС-қа жіберіледі.

5.6.6. Мердігер жұмыстарды орындау (қызметтерді көрсету) объектілеріне сыртқы тексерулерді (аудиттерді) МТК қызметкерлері осы Стандарттың 12-қосымшасында (СТ-ИСМ-05-12 нысаны) келтірілген тексеру парағының нысаны бойынша ұйымдастырып, жүргізеді.

Тексерулердің кезеңділігі ТЖҚ тәуекелінің санатына қарай белгіленеді (3-қосымша, СТ-ИСМ-05-03 нысаны):

- тәуекел санаты жоғары ТЖҚ бойынша — айына кемінде 1 (бір) рет;
- тәуекел санаты орташа ТЖҚ бойынша — ГОТОС басшысы бекіткен кестеге сәйкес тоқсанына кемінде 1 (бір) рет;
- тәуекел санаты төмен ТЖҚ бойынша — Тапсырыс берушінің шешімі бойынша.

Тексеруге Е және ҚОҚ тобы қызметкерлері және жұмыстар орындалатын (қызметтер көрсетілетін) учаскеге жауапты Желілік басшы қатысады.

Мердігер өкілдері тексерушілердің тексерілетін материалдарға және (немесе) объектіге кедергісіз қол жеткізуін қамтамасыз етуге және тексеру кезінде оларды алып жүруші тұлғалар ретінде қатысуға міндетті.

Тексеру барысында мыналар тексерілуге тиіс:

1. Шарт талаптарының орындалуы;
2. ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ жөніндегі іс-шаралар жоспарының орындалуы;
3. ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы заңнамалық талаптардың сақталуы;
4. алдыңғы тексеру барысында анықталған ескертулердің жойылуы.

5.6.7. Мердігер жұмыстарды орындау (қызметтерді көрсету) барысында Мердігердің ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы заңнамалық талаптарды және осы Стандарттың талаптарын сақтауын талдау жөніндегі кеңестер өткізіледі.

Тәуекел санаты жоғары және орташа ТЖҚ бойынша кеңестер жұмыстарды орындау (қызметтерді көрсету) процесінде тұрақты түрде, бірақ айына кемінде 1 (бір) рет өткізіледі. Оларды өткізу жиілігі Мердігердің ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ жөніндегі іс-шаралар жоспарында белгіленеді.

Кеңестерге екі тараптың тиісті жауапты тұлғалары міндетті түрде қатысуға тиіс.

5.6.8. МТК тарапынан кеңестерге қатысатын жауапты тұлғалардың тізімін Шарт әкімшісі дайындайды. Тізім белгіленген тәртіппен МТК Бас директорының

өндірістік мәселелер жөніндегі орынбасарымен немесе Шартқа қол қойған МТК-ның басқа уәкілетті басшысымен бекітіледі.

5.7. Жұмыстар аяқталғаннан кейінгі бағалау

5.7.1. Шарт бойынша жұмыстар (қызметтерді көрсету) аяқталғаннан кейін жұмыстар жүргізілген (қызметтер көрсетілген) учаскенің Желілік басшысы Шарт әкімшісімен және Шарт кураторымен бірлесіп, осы Стандарттың 13-қосымшасында (СТ-ИСМ-05-13 нысаны) келтірілген нысан бойынша Мердігердің ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы қызметінің нәтижелері жөніндегі бағалау парағын толтырады.

5.7.2. Мердігерді бағалау нәтижелерін Шарт кураторы МТК-ның ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ саласында сыни маңызы бар ТЖҚ бойынша Мердігерлер дерекқорына енгізеді. Бұл ретте осы Стандарттың 13-қосымшасында (СТ-ИСМ-05-13 нысаны) келтірілген бағалау шкаласына сәйкес Мердігерге сәйкестік деңгейі беріледі. Бұл деректер Мердігерлерді ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы қызмет нәтижелілігі бойынша саралау үшін пайдаланылады.

5.7.3. Алынған бағалауға қарай ТЖҚ-ны кейінгі сатып алуларға тарту және одан әрі ынтымақтастық орнату кезінде Мердігер ұйымға қатысты тиісті бақылау шаралары қабылданады.

Егер Мердігер ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы қызмет нәтижелері бойынша толтырылған бағалау парағында 50%-дан төмен сәйкестік көрсеткішін алса (қызыл аймақ), оған «сәйкес келмейді» мәртебесі беріледі.

МТК-ның Мердігерлер дерекқорын Е және ҚОҚ тобы тұрақты негізде, жыл сайын жаңартып отырады. Дерекқордағы мәліметтер ҚМГ компаниялар тобының Мердігерлер дерекқорын өзектендіру үшін ҚМГ-ға ұсынылады.

5.7.4. Мердігердің ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы қызметінің тиімділігі Тапсырыс берушінің Шарт шеңберінде жұмыстарды (қызметтерді) жалғастыру, Шарттың қолданылу мерзімін ұзарту немесе оны бұзу туралы шешім қабылдауы кезінде ескеріледі.

Орындалған жұмыстардың (көрсетілген қызметтердің) ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы Шартта белгіленген талаптарға бірнеше рет сәйкес келмеуі тиісті мәліметтерді Қордың Біліктілік органына жолдау үшін негіз болып табылады.

5.7.5. Қордың Біліктілік органы өз өкілеттіктері мен Қор тәртібінің ережелері шеңберінде біліктілігі расталған әлеуетті өнім берушілер тізіліміне енгізілген Мердігерлердің біліктілік талаптарына сәйкестігі немесе сәйкес еместігі туралы шешім қабылдайды.

5.7.6. Осы Стандарттың 5.7.1, 5.7.2 және 5.7.3-тармақтарының ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы қызмет нәтижелілігі бойынша Мердігерлерді бағалау мен саралауға қатысты талаптары олардың біліктілігі расталған әлеуетті өнім берушілер тізіліміне енгізілген-енгізілмегеніне қарамастан, МТК-ның барлық Мердігерлеріне қолданылады.

Біліктілігі расталған әлеуетті өнім берушілер тізіліміне енгізілмеген Мердігерлерге қатысты осы Стандарттың 5.7.4 және 5.7.5-тармақтарының ережелері қолданылмайды.

Оларды бағалау және саралау нәтижелерін МТК осы Мердігерлерді ТЖҚ-ны кейінгі сатып алуларға тарту кезінде, сондай-ақ осы Стандарттың 5.2.6-тармағына

сәйкес ТЖҚ-ны санаттарға бөлу және ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы талаптарды айқындау кезінде ескереді.

6. Нәтижелілік критерийлері

Нәтижелілік критерийлері мыналар болып табылады:

6.1. Тәуекел санаты жоғары және орташа ТЖҚ бойынша шарттардың заңнамалық талаптар мен осы Стандарттың талаптарына сәйкес орындалуы, оның ішінде Мердігерлерге сыртқы тексерулер (аудиттер) жүргізу кестесінің орындалуы.

6.2. МТК Объектілерінде Мердігер ұйымдар қызметкерлерімен байланысты жазатайым оқиғалар мен оқиғалардың болмауы, оның ішінде Мердігерлердің көлік құралдары мен арнайы техникасының қатысуымен болған жол-көлік оқиғаларының болмауы. Есепке алу ПР-ИСМ-07 және ПР-ИСМ-32 құжаттарына сәйкес жүргізіледі.

6.3. ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы қызмет нәтижелілігі бойынша Мердігер ұйымдардың дерекқорын қалыптастыру және оны жыл сайын өзектендіру.

6.4. Бір жыл ішінде бағаланған Мердігерлердің жалпы санындағы бағалау нәтижелері бойынша «сәйкес келеді» мәртебесін алған Мердігерлердің үлесі. Нәтижелер басшылық тарапынан интеграцияланған менеджмент жүйесін талдау шеңберінде талданады (ДП-ИСМ-04).

7. Құжаттарға сілтемелер

13.07.2026 ж. бекітілген	«Мұнайтелеком» ЖШС-нің сапа, экология, денсаулықты қорғау, еңбек қауіпсіздігі және API Spec. Q2 стандарттары саласындағы интеграцияланған саясаты
Р-ИСМ-02	«Мұнайтелеком» ЖШС-нің денсаулықты қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау саласындағы менеджмент жүйесі жөніндегі басшылығы, 10.1-тармақ «Мердігерлерге қойылатын талаптар»
П-ИСМ-11	Жерүсті көлік құралдарын қауіпсіз пайдалану саласындағы саясат
П-ИСМ-12	Еңбек қауіпсіздігі және өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы саясат
П-ИСМ-13	Алкогольге, есірткі құралдарына, психотроптық заттарға және олардың аналогтарына қатысты саясат
СТ-ИСМ-02	«Мұнайтелеком» ЖШС-дегі денсаулықты қорғау және еңбек гигиенасы жөніндегі стандарт
СТ-ИСМ-04	«Мұнайтелеком» ЖШС қызметкерлеріне арналған «Өмірлік маңызды қағидалар» еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы стандарты
СТ-ИСМ-08	«Мұнайтелеком» ЖШС-дегі «Еңбекті қорғауды басқарудың бірыңғай жүйесі» стандарты
ДП-ИСМ-04	Біріктірілген менеджмент жүйесін басшылық тарапынан талдау
ДП-ИСМ-08	Қоршаған ортаны қорғауды басқару
ДП-ИСМ-17	Автокөлікпен және арнайы техникамен қамтамасыз ету процесі
ДП-ИСМ-25	Сатып алуды басқару және өнім берушілерді бағалау
ПР-ИСМ-06	«Мұнайтелеком» ЖШС-де жоғары қауіпті жұмыстарды жүргізу кезінде еңбек қауіпсіздігі, өнеркәсіптік қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау саласындағы қауіптіліктер мен тәуекелдерді анықтау қағидалары
ПР-ИСМ-07	«Мұнайтелеком» ЖШС-де оқиғалар туралы хабарлау және оларды тергеп-тексеру тәртібі туралы қағидалар
ПР-ИСМ-28	«Мұнайтелеком» ЖШС-нің сатып алу қызметін басқару қағидалары
ПР-ИСМ-32	«Мұнайтелеком» ЖШС-нің еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі негізгі көрсеткіштері бойынша есептілік ұсыну қағидалары
ПР-ИСМ-35	«Мұнайтелеком» ЖШС-нің объектілерінде немесе «Мұнайтелеком» ЖШС үшін қызметін жүзеге асыратын мердігер ұйымдармен өзара іс-қимыл жасау қағидалары
Жоғары тұрған ұйымдардың құжаттары және халықаралық құжаттар	
KMG-ST-3524.2-13	«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компаниялар тобында өндірістік қауіпсіздік, еңбекті қорғау және қоршаған ортаны қорғау салаларында мердігер ұйымдармен өзара іс-қимыл жасау жөніндегі стандарт
IOGP-тің 2017 жылғы сәуірдегі № 423 есебі	Шарттық ортада бірлесіп жұмыс істеу кезінде өнеркәсіптік қауіпсіздік, еңбекті қорғау және қоршаған ортаны қорғау мәселелерін басқару жөніндегі нұсқаулық
«Самұрық-	«Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының

Қазына» АҚ Директорлар кеңесінің 2022 жылғы 3 наурыздағы	және дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан көп пайызы меншік немесе сенімгерлік басқару құқығында тікелей немесе жанама түрде «Самұрық-Қазына» АҚ-ға тиесілі заңды тұлғалардың сатып алуды жүзеге асыру тәртібі
Отчет IOGP № 423-1, апрель 2017 г.	Оценка возможностей подрядчика в области ПБ, ОТ и ОС (Дополнение к Руководству IOGP 423)

Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілері	
Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы № 414-V Кодексі	Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі
Қазақстан Республикасының 2021 жылғы 2 қаңтардағы № 400-VI Кодексі	Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексі
Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 11 сәуірдегі № 188-V Заңы	Азаматтық қорғау туралы
Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 25 желтоқсандағы № 1019 бұйрығы	Қызметкерлерді, басшыларды және еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғауды қамтамасыз етуге жауапты адамдарды еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау мәселелері бойынша оқытудан, нұсқамадан өткізудің және білімін тексерудің қағидалары мен мерзімдерін бекіту туралы
Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2014 жылғы 30 желтоқсандағы № 355 бұйрығы	Мұнай және газ өнеркәсібі салаларының қауіпті өндірістік объектілері үшін өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету қағидаларын бекіту туралы
Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің 2022 жылғы 21 ақпандағы № 55 бұйрығы	Өрт қауіпсіздігі қағидаларын бекіту туралы
Ескертпе: Осы Стандартты қолдану кезінде сілтеме жасалған стандарттар мен өзге де нормативтік құжаттардың қолданыстағы нұсқаларын тексерген жөн. Егер сілтеме жасалған құжат ауыстырылса (өзгертілсе), осы Стандартты қолдану кезінде ауыстырылған (өзгертілген) құжатты басшылыққа алу қажет. Егер сілтеме жасалған құжат ауыстырылмай күшін жойса, оған сілтеме берілген ереже осы сілтемеге қатысы жоқ бөлігінде қолданылады.	

8. Қолданылатын нысандар

№	Қосымша Нөмірі	Жазба коды	Атауы	Жазбаны жүргізуге жауапты
1.	Қосымша 1	ф. СТ-ИСМ-05-01	Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік	ЕҚ және ҚОҚ

			және қоршаған ортаны қорғау (ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ) салаларында мердігер ұйымдармен өзара іс-қимыл жасау процесі бойынша жауапкершілік матрицасы	тобының басшысы
2.	Қосымша 2	ф. СТ-ИСМ-05-02	Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау (ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ) салаларында мердігер ұйымдармен өзара іс-қимылдың жалпы моделі	ЕҚ және ҚОҚ тобының басшысы
3.	Қосымша 3	ф. СТ-ИСМ-05-03	Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау (ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ) салаларындағы тәуекел деңгейлері бойынша тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді (ТЖҚ) санаттарға жіктеу критерийлері және Стандарт талаптарын қолдану деңгей	Шарт кураторы
4.	Қосымша 4	ф. СТ-ИСМ-05-04	Мердігер ұйымның еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау (ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ) салаларындағы біліктілік критерийлерін бағалау бойынша үлгілік сұрақтар тізбесі	Шарт кураторы
5.	Қосымша 5	ф. СТ-ИСМ-05-05	Техникалық ерекшелік бөліміне арналған еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау (ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ) саласындағы шараларға қойылатын талаптар	Шарт кураторы
6.	Қосымша 6	ф. СТ-ИСМ-05-06	«Мердігердің еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау (ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ) саласындағы міндеттемелері»	Шарт әкімшісі
7.	Қосымша 7	ф. СТ-ИСМ-05-07	Шартқа қосымша Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік және	Шарт әкімшісі

			қоршаған ортаны қорғау (ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ) саласындағы келісім	
8.	Қосымша 8	ф. СТ-ИСМ-05-08	Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау (ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ) жөніндегі іс-шаралар жоспары	Шарт кураторы
9.	Қосымша 9	ф. СТ-ИСМ-05-09	Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау (ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ) саласындағы бұзушылықтар үшін айыппұл санкцияларының үлгілік тізбесі	Шарт әкімшісі
10	Қосымша 10	ф. СТ-ИСМ-05-10	Мердігер ұйымды объект аумағында жұмыстарды жүргізуге немесе қызметтерді көрсетуге жіберу актісінің нысаны	Желілік басшы
11	Қосымша 11	ф. СТ-ИСМ-05-11	Өмірлік маңызды қағидалар	ЕҚ және ҚОҚ тобы
12	Қосымша 12	ф. СТ-ИСМ-05-12	Мердігер ұйымның еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау (ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ) саласындағы тексеру парағының нысаны (чек-парақ)	ЕҚ және ҚОҚ тобы
13	Қосымша 13	ф. СТ-ИСМ-05-13	Мердігер ұйымның еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау (ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ) саласындағы қызметін бағалау парағының нысаны	Шарт кураторы

ф. ДП-ИСМ-01-11

ӨЗГЕРІСТЕРДІ ТІРКЕУ ПАРАҒЫ

Құжаттың тіркеу нөмірі:	СТ-ИСМ-05
Құжаттың атауы:	«МҰНАЙТЕЛЕКОМ» ЖШС-ДЕ ЕҢБЕК ҚАУІПСІЗДІГІ ЖӘНЕ ЕҢБЕКТІ ҚОРҒАУ, ӨНЕРКӘСІПТІК ҚАУІПСІЗДІК ЖӘНЕ ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ САЛАЛАРЫНДА МЕРДІГЕР ҰЙЫМДАРМЕН ӨЗАРА ІС-ҚИМЫЛ ЖАСАУ ЖӨНІНДЕГІ СТАНДАРТ
Өзгерістің нөмірі:	**3**

1. 1-бөлім жаңа редакцияда жазылды: Стандарт әзірленген құжаттар тізбесі жаңартылды (KMG-ST-3524.2-13 енгізілді); 1.3 «Негізгі қағидаттар» кіші бөлімі 8–12-қағидаттармен (тәуекелге бағдарланған тәсіл, табиғи ресурстарды пайдалану, биоалуантүрлілік, қауіпсіздік көрсеткіштерінің мониторингі) толықтырылды.
2. 2-бөлім 2.2-тармақпен (KMG-ST-3524.2-13 стандартымен арақатынасы), 2.4-тармақпен (ПР-ИСМ-35 құжатымен байланысы) және 2.5-тармақпен (қолданыстағы шарттарға қолданылуы) толықтырылды.
3. 3-бөлім өзектендірілді: «ҚМГ», «Қордың тәртібі», «Шарт иесі», «Өмірлік маңызды қағидалар», «Біліктілік органы», «Сатып алу жөніндегі куратор», «Жұмыстарды тоқтату құқығы», «Алдын ала біліктілікті бағалау», «Құрылымдық бөлімшелердің басшылары», «IOGP» терминдері енгізілді; «Қор стандарты» термині алып тасталды.
4. 4-бөлім рөлдер бойынша тізім түрінде қайта жазылды; ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ тобы басшысының, МТК бас директорының өндірістік мәселелер жөніндегі орынбасарының, сатып алу жөніндегі куратордың, шарт әкімшісінің, ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ тобының, МТК қызметкерінің жауапкершілік аймақтары енгізілді; рөлдер Жауапкершілік матрицасында (1-қосымша) көрсетілді.
5. 5-бөлім жаңа редакцияда жазылды: ТЖҚ тәуекел деңгейлері бойынша санаттарға жіктеу, сыртқы тексерулерге арналған тексеру парағы, тексерулер мен кеңестер өткізудің сараланған мерзімділігі, алдын ала біліктілікті бағалаусыз сатып алу рәсімдері, ПР-ИСМ-06, ПР-ИСМ-07, СТ-ИСМ-08, П-ИСМ-11, ДП-ИСМ-17 құжаттарымен байланыс енгізілді; мердігерлер туралы деректер базасы ҚМГ-ға ұсынылады.
6. 6-бөлім «Нәтижелілік критерийлері» қосылып, сипатталды. «Құжаттарға сілтемелер» бөлімі (жаңа 7-бөлім) МТК-ның ішкі құжаттарымен, KMG-ST-3524.2-13 стандартымен, Қордың тәртібімен, IOGP есептерімен және Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерімен толықтырылды. Олардың мәртебесі 16.10.2026 ж. adilet.zan.kz сайтында тексерілді.
7. «Жазбалар нысандары» бөлімі (жаңа 8-бөлім): қосымшалар саны 9-дан 13-ке дейін көбейтілді (СТ-ИСМ-05-01 – СТ-ИСМ-05-13 нысандары); Жауапкершілік матрицасы, Жалпы модель, ТЖҚ-ны санаттарға жіктеу критерийлері, Өмірлік маңызды қағидалар, Тексеру парағы (чек-парақ) енгізілді; «Маңызды ТЖҚ-ның үлгілік тізбесі» «ТЖҚ-ны санаттарға жіктеу критерийлерімен» ауыстырылды.

Әзірлеген: Қолы: _____ Таджибалиева Р.К.

Келісілді: Қолы: _____ Туржанов К.Б.

ф. ДП-ИСМ-01-09

Құжат жобасының түпкілікті редакциясын келісу

№ реттік номері	Құжаттың атауы	Лауазымы	Аты- жөні	Қолы	2026-10-22

ф. ДП-ИСМ-01-10

Танысу парағы

№ п\п	Бөлімшенің атауы	Құжатпен танысқан адамның лауазымы	Тегі және аты-жөні	Құжатпен танысқан адамның қолы	Күні	Ескерту

Әзірлеген: Таджибалиева Р.К. _____ Келісілді: Туржанов К.Б. _____

Қосымша 1 **ф. СТ-ИСМ-05-01**

Мердігерлік ұйымдармен ӨҚ және ЕҚОҚ саласындағы өзара іс-қимыл процесі бойынша жауапкершілік матрицасы

Негізгі міндеттер	Е және ҚОҚ басшысы[1]	Сатып-алу бойынша куратор [2]	Шарт иесі [3]	Шарт әкімшісі[4]	Желілік басшы[5]	Шарттың кураторы [6]	Құжаттарға сілтемелер
ЖОСПАРЛАУ							
Жоспарланған жұмыстардың ӨҚ және ЕҚОҚ тәуекелдерін бағалау (шарттарды санаттау)	**П**	**У**	**О**	**У**		**И**	СТ-ИСМ-05
Мердігермен жасалған шартқа ӨҚ және ЕҚОҚ талаптарын қосу	**У**	**У**	**О**	**П**		**И**	Қордың Тәртібі, СТ-ИСМ-05
Сатып алу (тендер) рәсімдерін жүргізу		**П**	**О**	**И**			Қордың Тәртібі, ДП-ИСМ-25, ПР-ИСМ-28
Мердігер ресурстарына аудит жүргізу		**і**	**У**	**И**	**П**	**У**	Қордың Тәртібі
Мердігермен шарт жасасу		**П**	**О**	**И**			Қордың Тәртібі, ПР-ИСМ-28
ОРЫНДАУ							
Мердігердің ӨҚ және ЕҚОҚ жоспарын келісу және бекіту			**О**	**П**	**И**	**У**	СТ-ИСМ-05
Жұмылдыру алдындағы аудит			**У**	**П**	**И**	**У**	СТ-ИСМ-05
Мердігердің ӨҚ және ЕҚОҚ жоспарының орындалуын бақылау және мониторинг жүргізу				**П**	**И**	**У**	СТ-ИСМ-05, СТ-ИСМ-04, ПР-ИСМ-06
ТАЛДАУ ЖӘНЕ ЖАҚСАРТУ							
Тәжірибе және озық тәжірибе алмасу (мердігерлерге арналған ӨҚ және ЕҚОҚ форумдары)	**И**		**У**	**У**		**У**	Р-ИСМ-02
ӨҚ және ЕҚОҚ басқару тиімділігін арттыру (жақсартуға шолу жүргізу)	**У**		**О**	**И**	**П**	**У**	СТ-ИСМ-05, ДП-ИСМ-04
Шартты жабу		**і**	**О**	**И**	**і**	**і**	СТ-ИСМ-05

И	Тапсырманы орындау	**У**	Тапсырманы орындауға үлес қосу және жәрдемдесу	**П**	Нәтижелерді тексеру және верификациялау	**О**	Нәтижелерді мақұлдау және бекіту	**і**	Ақпарат алу

[1] ЕҚ және ҚОҚ тобының басшысы – МТК-ның еңбек қауіпсіздігі және қоршаған ортаны қорғау тобының басшысы..

[2] Сатып алу жөніндегі куратор – МТК-ның сатып алу және материалдық-техникалық жабдықтау бөлімінің (СжМТЖБ) бастығы..

[3] Шарт иесі – Шартқа қол қойған МТК-ның бас директоры немесе ол уәкілеттік берген орынбасары.


[4] Шарт әкімшісі – МТК-ның сатып алуды бастамалаушы құрылымдық бөлімшесі, бюджеттік бағдарлама мен шарттың әкімшісі..


[5] Желілік басшы – объектіде МТК атынан жұмыстардың орындалуына басшылық ететін тұлға..

[6] Шарт кураторы – ЕҚ және ҚОҚ тобының тағайындалған қызметкері.

Әзірлеген: Таджибалиева Р.К. _____	Келісілді: Туржанов К.Б. _____

Мердігерлік ұйымдармен ӨҚ және ЕҚОҚ саласындағы өзара іс-қимылдың жалпы моделі





Мердігерлермен ӨҚ және ЕҚОҚ саласындағы өзара іс-қимыл процесіндегі сыни маңызды іс-қимылдар

ТЖҚ тізбесін ӨҚ және ЕҚОҚ саласындағы тәуекел деңгейлері бойынша санаттау критерийлері және Стандарт талаптарын қолдану деңгейі[1]

1. Жалпы ережелер

1. Осы Қосымша Стандарт талаптарын саралап қолдану мақсатында ӨҚ және ЕҚОҚ саласындағы тәуекел деңгейлері бойынша ТЖҚ санаттау критерийлерін белгілейді және IOGP тәуекелге бағдарланған тәсілінің негізгі қағидаттарына сәйкес әзірленген:

1) Барабарлық: Мердігерге қойылатын талаптардың көлемі ТЖҚ тәуекел деңгейіне барабар;

2) Үздіксіздік: шарттың өмірлік циклінің барлық кезеңдерінде – жоспарлаудан бастап аяқтауға дейінгі тәуекелдерді (Қауіпті және Зиянды өндірістік факторларды) басқару;

3) Бірлескен жауапкершілік: Тапсырыс беруші мен Мердігер қауіпсіздік үшін жалпы жауапкершілікте болады;

4) Құзыреттілік: шарттың тәуекел деңгейіне сәйкес құжатталған құзыреттер;

5) Ашықтық: іріктеу, бағалау және бақылаудың нақты және қайталанатын критерийлері.

2. Санаттау кезінде ТЖҚ сипаты, [2]өндірістік объектілерді қауіпсіз пайдалану үшін жеткізілетін тауарлардың сыни сипаты, жұмыстарды орындау (қызметтер көрсету) шарттары, жұмыскерлер, өндірістік активтер, қоршаған орта және өндірістік қызмет үшін ықтимал қауіптер мен ықтимал салдары ескеріледі.

2. ТЖҚ тәуекел санаттары

Тәуекелдің 3 (үш) санаты белгіленеді:

Тәуекел санаты	Анықтама	Тән қауіптер мен тәуекелдер	Деңгей
Жоғары	Орындалуы өлімге немесе ауыр жарақатқа, авariяға, өртке, жарылысқа, қоршаған ортаға айтарлықтай зиян келтіруге, өндірісті тоқтатуға немесе сыни маңызды жабдықтың істен шығуына әкелуі мүмкін ТЖҚ	Биіктіктегі жұмыстар, газ қауіпті жұмыстар, от жұмыстары, қысыммен жұмыс, жабық кеңістіктер, сыни маңызды қауіпсіздік жабдықтарын жеткізу	**А деңгейі**
Орта	Жоғары санатты критерийлер болмаған кезде өндірістік объектілерде орындалатын, жұмыскерлердің қауіпсіздігіне, процестерге, жабдыққа немесе қоршаған ортаға әсер етуі мүмкін ТЖҚ	Дала жұмыстары, көлік қызметтері және арнайы техника, ЖҚҚ жеткізу, объектіде болып тұру қажет болатын қызметтер	**В деңгейі**
Төмен	Жұмыскерлердің қауіпсіздігіне, өндірістік процестерге, активтерге және қоршаған ортаға айтарлықтай әсер етпейтін ТЖҚ	Кеңсе, консультациялық, әкімшілік қызметтер; кеңсе техникасы мен кеңсе жабдықтарын жеткізу	**С деңгейі**

3. ТЖҚ санаттау кестесі (анықтамалық, ұсынылатын)

[1] Қызметінің ерекшелігіне және ӨҚ және ЕҚОҚ саласындағы тәуекел деңгейіне қарай МТК ұйымы қалыптастырады

[2] пайдалану кезінде ӨҚ және ЕҚОҚ саласындағы қауіпсіздік және ықтимал тәуекелдер тұрғысынан

Кесте IOGP жіктеуіші (423-есеп) ескеріле отырып құрастырылған және МТК бизнес-бағыттарына бейімделген.

ТЖҚ / Бизнес-бағыт	Тән қауіптер мен тәуекелдер	Тәуекел санаты	Стандартты қолдану деңгейі
Барлау және өндіру			
Пайдалану және барлап бұрғылау	Биіктіктегі жұмыстар, жүк көтеру операциялары, газ қауіпті жұмыстар, шығарылу қаупі, бұрғылау ерітіндісі	**Жоғары**	А деңгейі. ӨҚ және ЕҚОҚ жоспары міндетті. Жұмылдыру алдындағы аудит
Ұңғымалар салу, жөндеу және реконструкциялау	Қауіптілігі жоғары жұмыстар, арнайы техника, қысыммен жұмыс, газ-мұнай-су белгілері (ГМСБ) қаупі	**Жоғары**	А деңгейі. ӨҚ және ЕҚОҚ басқару жүйесінің жұмыс басталғанға дейінгі аудиті
Өндірісті қарқындату, ұңғымаларды химияландыру	Қауіпті химиялық заттар, жоғары қысымды жұмыстар, төгілу кезіндегі экологиялық қауіптер	**Жоғары**	А деңгейі. Химиялық қауіпсіздікті тексеру (жұмыс орнында денсаулыққа қауіпті заттардың әсер ету қаупін бағалау)
Геофизикалық қызметтер	Дала жұмыстары, көлік тәуекелдері, иондаушы сәулелену көздерін пайдалану	**Орта**	В деңгейі. Тәуекелдерді бағалау және бақылау міндетті
Сейсмикалық зерттеулер	Қол жетпейтін аудандардағы дала жұмыстары, көлік тәуекелдері, жарылғыш материалдар	**Жоғары**	А деңгейі. ӨҚ және ЕҚОҚ жоспары Жұмылдыру алдындағы аудит Көлік құралдарының сапарларын басқару жоспары
Тасымалдау			
Құбырлар салу, қызмет көрсету және жөндеу	Жер жұмыстары, от жұмыстары, арнайы техника, қысыммен жұмыс, коммуникациялардың зақымдану қаупі	**Жоғары**	А деңгейі. Рұқсат-жүктеме міндетті. Төгілу кезіндегі төтенше жағдай жоспары
Құбырларды диагностикалау (құбырішілік дефектоскопия / диагностика, бұзбайтын бақылау)	Өндірістік тәуекелдер, диагностикалық құрылғыларды іске қосу/шығару кезіндегі технологиялық процеске араласу	**Орта**	В деңгейі. Іріктемелі бақылау
Көлік қызметтері (жүк және персоналды тасымалдау)	ЖКО, жүргізушілердің шаршауы, қауіпті жүктерді тасымалдау, далалық аудандардағы жолдардың нашарлығы	**Орта**	В деңгейі. Көлік құралдарының сапарларын басқару жоспары
Өңдеу			

Мұнай өндіру жабдықтарын жөндеу	От жұмыстары, технологиялық процеске араласу, герметизация қаупі	**Жоғары**	А деңгейі. Нұсқама. Рұқсат-жүктеме міндетті
Сыйымдылық жабдықтарын (резервуарлар, ыдыстар) жөндеу	Жабық кеңістіктегі жұмыстар, газ қауіпті жұмыстар, H_2S улану қаупі	**Жоғары**	А деңгейі. Нұсқама. Рұқсат-жүктеме міндетті
Электр жабдықтарын жөндеу және қызмет көрсету	> 1000 В электр қондырғыларындағы жұмыстар, доғалы қабаттасу қаупі, ток соғуы	**Жоғары**	А деңгейі. Электр қауіпсіздігі бойынша рұқсаттарды тексеру
Іске қосу-баптау жұмыстары (ІҚБЖ)	Жабдықты іске қосу, технологиялық процеске араласу, алғашқы іске қосу кезіндегі штаттан тыс жағдайлардың қаупі	**Жоғары**	А деңгейі. Қауіпсіздікті алдын ала тексеру
Сервис			
Ұңғымаларды ағымдағы және күрделі жөндеу (ҰКЖ/ҰЖАЖ)	Газ қауіпті жұмыстар, жүк көтеру операциялары, шалғайдағы объектілердегі көлік тәуекелдері	**Жоғары**	А деңгейі. Жақсартылған өндірістік бақылау.
Қалдықтарды кәдеге жарату және көму	Экологиялық қауіптер, улы қалдықтармен жұмыс, жер асты суларының ластану қаупі	**Жоғары**	А деңгейі. Қауіпті қалдықтарды өңдеуге арналған лицензия міндетті Қалдықтарды басқару жоспары
Көлік құралдары мен арнайы техниканы жалға алу және пайдалану	Жүк көтергіш операциялар, крандар, экскаваторлар, аударылу, жұмыскерлерді қағып кету	**Орта**	В деңгейі. Арнайы техника мен операторларға арналған техникалық құжаттаманы тексеру.
Өнеркәсіптік тазалау және тамақтану орындары	Химиялық жуғыш заттар, биіктіктегі жұмыс, тайғақ беттер	**Орта**	В деңгейі. Тәуекелдерді негізгі бағалау және нұсқама.
Медициналық тексерулер және медициналық қызметтер	Азғантай тәуекелдер, топтық тексерулер кезінде инфекциялардың таралу қаупі	**Төмен**	С деңгейі. Тапсырыс берушінің шешімі бойынша
Консультациялық, заң, аудиторлық қызметтер және сақтандыру қызметтері	Өндірістік тәуекелдердің болмауы. Өндірістік объектілерден тыс жұмыстар	**Төмен**	С деңгейі. Талаптар қолданылмайды
Материалдық-техникалық қамтамасыз ету (тауарлар, өнімдер)			
Мұнай кәсіпшілігі жабдығы (сорғы-компрессиялық	Істен шыққан кезде технологиялық	**Жоғары**	А деңгейі.

құбырлар, электр жетекті орталықтан тепкіш сорғыны орнату, штангалық тереңдік сорғы)	процестің қауіпсіздігіне сыни әсері. Ұңғыма тұтастығын жоғалту қаупі		Өнім берушінің біліктілігі, сапаны бақылау, сертификаттау
Құбыр өнімдері (желілік құбырлар, байланыстырушы бөлшектер)	Құбырлар мен ұңғымалардың тұтастығына әсері. Қысымның төмендеуі және қоршаған ортаға зиян келтіру қаупі	**Жоғары**	А деңгейі. Өнім берушінің біліктілігі, сапаны бақылау, сертификаттау
Бекіту және реттеу арматурасы	Қауіпсіз пайдалануға әсері. Авария режимінде істен шыққан кезде ағып кету қаупі	**Жоғары**	А деңгейі. Дайындаушы зауыттың жобаға, келісімшартқа және қауіпсіздік нормаларына сәйкестігі туралы құжаттамасы міндетті
Сорғы және компрессорлық жабдық	Сыни жабдықтың істен шығуы, технологиялық процестің бұзылуы, өрт және жарылыс қаупі	**Жоғары**	А деңгейі. HAZOP-талдау, құжаттар тізілімін тексеру
Электртехникалық жабдық	Өрт, ток соғу, өндірісті тоқтату, жарылыс қаупі бар аймақтардағы жарылыс қаупі	**Жоғары**	А деңгейі. Жарылыс қаупі бар ортадағы жабдықтың қауіпсіздігін растау жүйесін сертификаттау
Бақылау-өлшеу аспаптары және автоматика; технологиялық процесті басқарудың автоматтандырылған жүйелері	Технологиялық процесті бақылауды жоғалту, авариядан қарсы қорғаныс жүйесі (SIL) жүйелердің істен шығуы, ірі апат қаупі	**Жоғары**	А деңгейі. Sil / IEC 61511 бағалау IEC 61511 стандарты бойынша тәуелсіз сараптама міндетті)
Газ талдағыштар және өртке қарсы және газдан қорғаудың автоматтандырылған жүйелері	Авария туралы ерте ескерту жүйелерінің істен шығуы, өрттің/ағып кетудің кеш анықталуы	**Жоғары**	А деңгейі. ГОСТ Р / IEC сертификаты. Мерзімдік техникалық қызмет көрсету
Жеке қорғаныш құралдары (ЖҚҚ)	Жұмыскерлерді қорғауға әсері. ЖҚҚ істен шыққан кезде жарақат алу қаупі.	**Орта**	В деңгейі. Сертификаттау: КО ТР 019/2011 Мерзімді сынақтар
Кеңсе техникасы және кеңсе жабдықтары	ӨҚ және ЕҚОҚ-ға әсер етпейді.	**Төмен**	С деңгейі. Талаптар қолданылмайды

4. Стандарт талаптарын қолдану матрицасы

Талаптардың көлемі барабарлық принципіне сәйкес тәуекел деңгейлері бойынша сараланған. Тапсырыс беруші негіздеме болған кезде неғұрлым қатаң талаптар қоюға құқылы.

Стандарт талабы	А деңгейі / Жоғары	В деңгейі / Орташа	С деңгейі / Төмен
I. Алдын ала біліктілік			

Мердігердің біліктілігі (егер бар болса)	Міндетті түрде	Міндетті түрде	Қажет емес
ӨҚ және ЕҚОҚ нәтижелілігін бағалау (көрсеткіштер)	Міндетті түрде (3 жылға)	Міндетті түрде (1 жылға)	Қажет емес
ӨҚ және ЕҚОҚ басқару жүйесін тексеру	Міндетті түрде	Тапсырыс берушінің шешімі бойынша	Қажет емес
Персоналдың құзыреттілігін тексеру	100% негізгі персонал	Іріктемелі (≥30%)	Қажет емес
Қосалқы мердігерлерді тексеру	Міндетті түрде	Тапсырыс берушінің шешімі бойынша	Қажет емес
II. Жұмылдыру және дайындық			
ӨҚ және ЕҚОҚ жоспарын келісу	Міндетті (басталғанға дейін)	Міндетті (басталғанға дейін)	Қажет емес
Жұмылдыру алдындағы аудит	Міндетті түрде	Тапсырыс берушінің шешімі бойынша	Қажет емес
Жұмыс тәуекелдерін бағалау (JSA/ HAZOP/HAZID)	Міндетті түрде тәуекелдерді кешенді бағалау (RA, Risk Assessment)	Міндетті түрде жұмыс қауіпсіздігін талдау (JSA)	Қажет емес
Рұқсат беру құжаттамасын тексеру	Міндетті (100%)	Міндетті түрде	Қажет емес
III. Орындау және бақылау			
Өндірістік бақылау (объектідегі бақылау)	Күшейтілген (күнделікті)	Іріктемелі (апта сайын)	Базалық
Жұмыстарды орындау барысында Мердігерді тексеру	Ай сайын міндетті түрде	Іріктемелі	Қажет емес
ӨҚ, ЕҚ, ҚОҚ көрсеткіштері бойынша есептілік	Ай сайын	Тоқсан сайын	Қажет емес
Оқиғаларды тергеу, бірлескен талдау	Бірлескен (міндетті)	Ауыр оқиғалар кезінде	Қажет емес
IV. Аяқтау және бағалау			
Мердігердің нәтижелілігін қорытынды бағалау	Міндетті (есеп)	Міндетті (қысқа)	Қажет емес
Орындалған жұмыстардың (көрсетілген қызметтердің) ӨҚ және ЕҚОҚ бойынша талаптарға сәйкестігі/ сәйкес келмеуі	Міндетті түрде	Тапсырыс берушінің шешімі бойынша	Қажет емес

5. Тәуекел санатын анықтау тәртібі

Шарт кураторы санатты мынадай ретпен анықтайды:

1) 1-қадам. ТЖҚ сипатын сипаттау: орындалу орны, персонал саны, ұзақтығы, жабдықтар мен заттар;

2) 2-қадам. Анықтамалық кестеге (3-бөлім) және объектінің ерекшелігіне сәйкес қауіптерді анықтау;

3) 3-қадам. Адамдарға, активтерге, қоршаған ортаға және Тапсырыс берушінің беделіне ықтимал салдарды бағалау;

4) 4-қадам. Санат критерийлерімен салыстыру (2-бөлім). Жоғары санат белгілері болған кезде – жоғары деңгей беру;

5) 5-қадам. Санаттау нысанында негіздемені бекіту (6-бөлім) және келісуге беру.

Күмән туындаған кезде жоғары санат қолданылады. Жұмыс көлемі немесе шарттары айтарлықтай өзгерген кезде міндетті түрде қайта қаралады.

6. ТЖҚ санаттау нысаны

Әрбір сатып алуды жоспарлау кезінде Шарттың кураторы толтырады. Шарт бойынша құжаттамаға қоса беріледі.

ТЖҚ санаттау нысаны		
1. ТЖҚ атауы:		Шарт/ сатып алу нөмірі:
2. Бөлімше:		Толтыру күні:
3. ТЖҚ қысқаша сипаттамасы:		Жұмыстар орындалатын жер:
4. Анықталған қауіптер мен тәуекелдер:		Құжаттарға сілтеме:
5. Тәуекел санаты (белгілеу):		
☐ **ЖОҒАРЫ → А деңгейі**	☐ **ОРТАША → В деңгейі**	☐ **ТӨМЕН → С деңгейі**
6. Негіздеме:		
Шарттың кураторы (аты-жөні, лауазымы):	Қолы: _____	Күні:_____
ӨҚ және ЕҚОҚ басшысымен келісілген	Қолы: _____	Күні:_____

Мердігерлік ұйымның ӨҚ және ЕҚОҚ саласындағы біліктілік критерийлерін бағалау бойынша үлгілік сұрақтардың тізбесі

Тақырыбы	Бағалау
1. Саясат	
Ұйымыңызда ӨҚ және ЕҚОҚ саласындағы жұмыс тәжірибесі егжей-тегжейлі көрсетілген ұйымның ӨҚ және ЕҚОҚ саласындағы саясатын анықтайтын құжат бар ма (ӨҚ және ЕҚОҚ саласындағы басқару жүйесі бойынша нұсқаулық немесе ӨҚ және ЕҚОҚ бойынша тиісті бөлімдері бар пайдалану нұсқаулығы)? Егер бар болса, құжаттың көшірмесін қоса беріңіз. Жауап / Түсініктеме:	
Саясаттың жұмыскерлер назарына қалай жеткізілетінін және барлық деңгейлерде қалай орындалатынын сипаттаңыз. Жауап / Түсініктеме:	
Ұйымыңызда ӨҚ және ЕҚОҚ үшін толық жауапкершілік жүктелген тұлға бар ма? Жауап / Түсініктеме:	
2. Жұмыстарды қауіпсіз жүргізуді/қызметтер көрсетуді ұйымдастыру	
Орындалатын жұмыстарға/көрсетілетін қызметтерге байланысты қызметтің жекелеген түрлеріне (мысалы, қауіпті заттармен жұмыс істеуге, қауіпті қалдықтармен жұмыс істеуге), сондай-ақ қоршаған ортаны қорғау саласындағы барлық қажетті қолданыстағы заңнамалық талаптарда белгіленген әсерге (шығарындыларға, төгінділерге, қалдықтарды орналастыруға және (немесе) қалдықтардың жинақталуына арналған лимиттерге) арналған экологиялық рұқсаттарға талаптармен білгіленген лицензиялардың болуы және қолданылу мерзімі. Құжаттардың қолданылу мерзімін көрсетіп, тізімді қоса беріңіз. Жауап / Түсініктеме:	
Ықтимал қауіпті заттарға сертификаттардың болуы: химиялық заттардың қауіпсіздік паспорты, санитарлық-эпидемиологиялық қорытынды, пайдалану рұқсаты. Құжаттардың қолданылу мерзімін көрсетіп, тізімді қоса беріңіз. Жауап / Түсініктеме:	
Сізде қауіпті жұмыс түрлерін орындау бойынша арнайы нұсқаулар бар ма? Барлық тиісті нұсқауларды тізімдеңіз.	
Ұйымыңызда ӨҚ және ЕҚОҚ қызметінің бар-жоғы және қызметтегі қызметкерлер саны. Ұйымның ұйымдық құрылымын және ӨҚ және ЕҚОҚ қызметінің құрылымын қоса беріңіз. Жауап / Түсініктеме:	
Ұйымыңызда ӨҚ және ЕҚОҚ саласында өндірістік қауіпсіздікті қамтамасыз етуге тағайындалған жауапты тұлғалардың бар-жоғы. Бұйрықтардың көшірмелерін қоса беріңіз. Жауап / Түсініктеме:	
Осы нұсқаулықтарда көрсетілген барлық қызметкерлердің және (немесе) лауазымдық топтардың (деңгейлердің) рөлдері мен міндеттері нақты бөлінген бе? Жауап / Түсініктеме:	
Ұйымыңыздың толеранттылық жүйесі туралы түсінігін сипаттаңыз. Жауап / Түсініктеме:	
Ұйымыңыз өз қызметінде жұмыс жүргізу/қызметтерді көрсету кезінде Тәуекелдер талдауын қолдана ма? Мысал келтіріңіз. Жауап / Түсініктеме:	
3 Алкоголь, есірткі құралдарын, психотроптық заттарды және олардың аналогтарын пайдалануға тыйым салу саясаты	

Ұйымыңызда қолдану салдарына толық төзімсіздікті анықтайтын алкогольді, есірткіні, психотроптық заттарды және олардың аналогтарын қолдануға тыйым салатын құжатталған саясат бар ма? Жауап / Түсініктеме:	
Ол барлық жұмыскерлердің назарына қалай жеткізілетінін сипаттаңыз. Жауап / Түсініктеме:	
Ұйымыңыз осы саясаттың орындалуы мен сақталуын қалай қадағалайтынын сипаттаңыз. Жауап / Түсініктеме:	
4. Оқу бағдарламалары мен тренингтер	
Ұйымыңызда жұмысқа орналасу кезінде барлық жаңа жұмыскерлерге кіріспе нұсқама бар ма, қайталанатын нұсқамалар тұрақты негізде өткізіле ме? Растайтын құжаттарды ұсыныңыз. Жауап / Түсініктеме:	
Жалпы оқыту бағдарламасында арнайы жұмыс түрлері бойынша сұрақтар бар ма, сондай-ақ білім деңгейін тексеруге арналған тестілерді орындауды қамти ма? Растайтын құжаттарды ұсыныңыз. Жауап / Түсініктеме:	
Барлық оқу материалдары, сондай-ақ оқығандар тізімі үнемі жаңартылып, ұйымыңыздың кеңсесінде сақталады ма? Растайтын құжаттарды ұсыныңыз. Жауап / Түсініктеме:	
Заң талаптарына сәйкес барлық жұмыскерлердің алған білімі мен барлық біліктілік емтихандары мен тестілерін тапсыруы есепке алына ма? Растайтын құжаттарды ұсыныңыз. Жауап / Түсініктеме:	
Жұмыскерлерге қоршаған ортаны қорғау мәселелері бойынша оқыту жүргізіле ме, егер жүргізілсе, қандай курстар (тренингтер) жүргізілгенін көрсетіңіз. Жауап / Түсініктеме:	
5. Оқиғалар туралы есеп беру және статистикалық мәліметтерді жинау	
Ұйымыңыз Жазатайым оқиғаларды есебі жүргізіле ме? Растайтын құжаттарды ұсыныңыз. Жауап / Түсініктеме:	
Ұйымыңыздың басшылығы жақсартуды қажет ететін мәселелерді анықтау үшін ӨҚ және ЕҚОҚ статистикасына талдау жасай ма? Растайтын құжаттарды ұсыныңыз. Жауап / Түсініктеме:	
Ұйымыңызда тапсырыс берушілерге және (немесе) клиенттерге ӨҚ және ЕҚОҚ бойынша статистикалық деректерді ұсынудың ресми рәсімі бар ма? Растайтын құжаттарды ұсыныңыз. Жауап / Түсініктеме:	

Ұйымыңыздың соңғы 3 (үш) жылдағы ӨҚ және ЕҚОҚ бойынша статистикалық деректерін мынадай көрсеткіштер бойынша ұсыныңыз:

Көрсеткіш	20XX-3 жыл	20XX-2 жыл	20XX-1 жыл	20XX
Өліммен аяқталған жазатайым оқиғалар саны				
Еңбекке жарамсыздығына әкелген жазатайым оқиғалар саны (жеңіл, орташа, ауыр)				
Дәрігерге дейінгі медициналық көмек көрсету жағдайларының саны				
Білікті медициналық көмек көрсету жағдайларының саны				
Жол-көлік оқиғаларының (ЖКО) саны				
«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Алкогольге, есірткі құралдарына, психотроптық заттарға және олардың аналогтарына қатысты саясатын бұзу жағдайларының саны				
Қоршаған ортаның ластану жағдайларының саны				

Ұйымыңызда қоршаған ортаның ластану деңгейі бойынша есеп жүргізіле ме: белгіленген экологиялық есептілік нысандары түрінде атмосфералық ауаға шығарындылар (парниктік газдар шығарындыларын түгендеуді қоса алғанда), ағынды суларды ағызу және қалдықтарды жинақтау/кәдеге жарату бойынша? Растайтын құжаттарды ұсыныңыз.
Жауап / Түсініктеме:

6. Оқиғаларды тергеп-тексеру тәртібі

Сіздің ұйымыңыз заң талаптарына сәйкес тіркелген оқиғаларды тергей ме және ұйымыңызда мұндай оқиғаларды тергеудің ресми тәртібі бар ма? Растайтын құжаттарды ұсыныңыз. Жауап / Түсініктеме:

Ұйымыңызда тапсырыс берушінің немесе клиенттің жұмыскерлерімен және мемлекеттік органдардың өкілдерімен бірлесіп Оқиғаларды тергеуді үйлестіру үшін оқытылған және қажетті біліктілігі бар қызметкерлер бар ма? Қажетті құжаттаманы ұсыныңыз.
Жауап / Түсініктеме:

Тергеу тәртібі оқиғаның негізгі (жүйелік) себептерін анықтау механизмін қарастыра ма?
Жауап / Түсініктеме:

Ұсыныстар Оқиғаның негізгі (жүйелі) себептерін жоюға тікелей бағытталған ба және әрбір ұсынысты орындау шаралары мен мерзімдері нақты анықталған ба? Растайтын құжаттарды ұсыныңыз. Жауап / Түсініктеме:

Оқиғаларды тергеу нәтижелері мен қорытындылар барлық жұмыскерлердің назарына жеткізіле ме? Растайтын құжаттарды ұсыныңыз. Жауап / Түсініктеме:

Ұйымыңыз жол-көлік оқиғаларын болдырмау үшін не істейді? Көлік қауіпсіздігі қызметі, желіге шығатын жүргізушілерді куәландыруға арналған медициналық пункт бар ма?
Жауап / Түсініктеме:

7. Тәуекелдерді/Қауіпті және Зиянды өндірістік факторларды басқару

Ұйымыңызда ӨҚ және ЕҚОҚ саласындағы Тәуекелдерді/Қауіпті және Зиянды өндірістік факторларды басқару құжаты бар ма? Егер бар болса, құжаттың көшірмесін қоса беріңіз.
Жауап / Түсініктеме:

Ұйымыңыз жұмыс орындарында ӨҚ және ЕҚОҚ саласындағы Тәуекелдерді/Қауіпті және Зиянды өндірістік факторларды анықтау/жою/азайту үшін қандай әдістер мен бағдарламаларды пайдаланады (ұқсас СТОП-карта, ҚМБ/ККМБ)? Егер бар болса, құжаттың көшірмесін қоса беріңіз.Жауап / Түсініктеме:

Ұйымыңыз ӨҚ және ЕҚОҚ саласындағы Тәуекелдерді/Қауіпті және Зиянды өндірістік факторларды басқару бойынша түзету іс-қимылдарының жоспары әзірлене ме? Егер бар болса, құжаттың көшірмесін қоса беріңіз.Жауап / Түсініктеме:

8. ӨҚ және ЕҚОҚ саласындағы жетістіктері үшін көтермелеу бағдарламасы

Ұйымыңызда ӨҚ және ЕҚОҚ саласында жұмыскерлерді көтермелеудің ресми бағдарламасы бар ма? Жауап / Түсініктеме:	
Ұйымыңыздағы ӨҚ және ЕҚОҚ саласында жұмыскерлерді көтермелеу бағдарламасы талаптарды және өлшенетін мақсаттарды анықтай ма және оларға жету әдістерін сипаттай ма? Мақсаттарға жету және ынталандыруды бөлу қалай бақыланатынын сипаттаңыз. Жауап / Түсініктеме:	
9 Қолды жеке қорғау құралдары (ЖҚҚ)	
Ұйымыңыз өз жұмыскерлеріне жеке қорғаныш құралдарын (дулыға, аяқ киім, қолғап және т.б.) бере ме? Растайтын құжаттарды ұсыныңыз. Жауап / Түсініктеме:	
Ұйымыңызда белгілі бір жұмыс түрлері немесе лауазымдар үшін ЖҚҚ қажеттіліктерін анықтау жүйесі бар ма? Жауап / Түсініктеме:	
Ұйымыңызда барлық жұмыскерлерге арналған жеке қорғаныш құралдарын дұрыс пайдалану және күту бойынша бекітілген оқыту бағдарламасы бар ма? Жауап / Түсініктеме:	
10. Ішкі тексерулер (аудиттер)	
Жұмыс орнында ӨҚ және ЕҚОҚ қызметінің өкілі бар ма? Жауап / Түсініктеме:	
Ұйымыңызда ӨҚ және ЕҚОҚ басқару процесін үнемі бағалау үшін ішкі тексерулер (аудиттер) жүргізу тәртібі бар ма?Жауап / Түсініктеме:	
Ұйымыңызда тексеру (аудит) нәтижелерін және ұсыныстарды есепке алу рәсімі бар ма? Жауап / Түсініктеме:	
Білімі мен өкілеттігі бар нақты адамдарға жағдайды түзету шараларын қабылдау үшін ұсыныстар беріле ме? Жауап / Түсініктеме:	
Нұсқаулардың орындалуы бақылана ма? Жауап / Түсініктеме:	
Әзірленген және бекітілген өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасы бар ма? Жауап / Түсініктеме:	
11. ӨҚ және ЕҚОҚ жөніндегі жиналыстар мен комитеттер	
Ұйымыңызда ӨҚ және ЕҚОҚ бойынша кеңестер өткізудің бекітілген тәртібі бар ма? Жауап / Түсініктеме:	
Ұйымыңызда құрылымдық бөлімшелерде ӨҚ және ЕҚОҚ бойынша күнделікті (ауысым алдындағы/рейс алдындағы) нұсқамалар өткізіле ме? Қажетті құжаттаманы ұсыныңыз. Жауап / Түсініктеме:	
Ұйымыңызда бірінші басшының немесе уәкілетті адамның төрағалығымен жұмыс істейтін комитет немесе ұқсас ӨҚ және ЕҚОҚ органы бар ма? Жауап / Түсініктеме:	
Жиналыстарда немесе комитеттерде ӨҚ және ЕҚОҚ саласындағы басқару жүйесіне шолу жасала ма немесе ұйымыңыздың басшыларының қатысуымен ұйымның құрылымдық бөлімшелеріндегі ӨҚ және ЕҚОҚ мәселелерінің жай-күйіне шолу жасала ма? Қажетті құжаттаманы ұсыныңыз.Жауап / Түсініктеме:	
12. Төтенше жағдайға дайындық	
Ұйымыңызда авариялық қорғау құралдары (өрт сөндіру құралдары, өрт датчиктері, ескерту жүйелері, газ талдағыштар, газқағарлар, құтқару құралдары) бар ма? Растайтын құжаттарды ұсыныңыз. Жауап / Түсініктеме:	
Ұйымыңызда төтенше жағдайларға (ТЖ) ден қоюға дайындық бойынша оқыту қалай ұйымдастырылған? Жауап / Түсініктеме:	
Сіздерде жұмыскерлерге оқыту және практикалық оқу дабылдары мен сабақтар өткізілетінін растайтын құжаттар бар ма?Жауап / Түсініктеме:	
Ұйымыңызда әр объектіде төтенше жағдай туындаған кезде ден қою жоспарларын әзірлеумен айналысатын жұмыскер (маман) бар ма? Жауап / Түсініктеме:	
13. Медициналық тексеру	
Ұйымыңызда алдын ала медициналық тексеру бар ма (жұмысқа орналасу кезінде)? Жауап / Түсініктеме:	
Ұйымыңызда мерзімді медициналық тексерулер бар ма (жұмыскердің денсаулығын динамикада бақылауды қамтамасыз ету үшін)?Жауап / Түсініктеме:	
Ұйымыңызда ауысым алдындағы медициналық тексеру жүргізіле ме (жұмыскердің ауырып тұрған-тұрмағанын анықтау немесе растау, денсаулық жағдайын анықтау үшін)?	

Жауап / Түсініктеме:	
Ұйымыңыздағы барлық жұмыскерлердің денсаулығын мерзімді бақылау Заңнамалық талаптарға сәйкес жүзеге асырыла ма? Жауап / Түсініктеме:	
14. Қосалқы мердігерлердің біліктілігін тексеру	
Ұйымыңызда Қосалқы мердігердің біліктілігін бағалау тәртібі бар ма, ол Қосалқы мердігердің сіздің талаптарыңыз бен ӨҚ және ЕҚОҚ нұсқауларын жақсы түсінетінін және толық қанағаттандыра алатынын қамтамасыз ете ме? Жауап / Түсініктеме:	
Ұйымыңызда қосалқы мердігерлердің жұмыстарды орындауын/қызметтерді көрсетуін бақылау және қажет болған жағдайда түзету шараларын қабылдау тәртібі бар ма? Жауап / Түсініктеме:	
Қосалқы мердігерлер сіздің ұйымыңыз өткізетін ӨҚ және ЕҚОҚ жөніндегі кеңестерге және/немесе тексерулерге (аудиттерге) қатыса ма? Жауап / Түсініктеме:	
15. ӨҚ және ЕҚОҚ бойынша талаптарға сәйкестік	
Ұйымыңыздың объектілерінің әсер етуге экологиялық рұқсаттары бар ма (шығарындыларға, төгінділерге, қалдықтарды жинауға арналған шектеулер)? Бар болса, рұқсат түрлерін, жарамдылық мерзімін көрсетіңіз және растайтын құжаттардың көшірмелерін қоса беріңіз. Жауап / Түсініктеме:	
Ұйымыңызда ұйым объектілерінде пайда болатын қауіпті және қауіпті емес қалдықтарды басқарудың бекітілген тәртібі (бағдарламасы) бар ма? Жауап / Түсініктеме:	
Ұйымыңыз объектілердегі ауа, су, топырақ жағдайын үнемі бақылап отыра ма? Өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасы бар ма? Жауап / Түсініктеме:	
Ұйымыңыздың Қалдықтарды басқару бағдарламасы заңнама талаптарына сәйкес келе ме? Жауап / Түсініктеме:	
Ұйымыңызда қалдықтарды әкетуге, кәдеге жаратуға және өңдеуге лицензиясы бар ұйымдармен қолданыстағы шарттар бар ма? Жауап / Түсініктеме:	
Жерді қалпына келтіру, рекультивациялау және биоәртүрлілікті сақтау бойынша іс-шаралар жүзеге асырыла ма? Жауап / Түсініктеме:	
16. Жабдықтар мен көлік құралдарын тексеру және сертификаттау	
Ұйымыңызда сіздің ұйымыңыз пайдаланатын барлық жерүсті көліктері мен жабдықтарын тексеруге (аудит) арналған ӨҚ және ЕҚОҚ тексеру парағы бар ма? Жауап / Түсініктеме:	
Ұйымыңыздың барлық тиісті жерүсті көліктері мен жабдықтарына қажетті мемлекеттік қауіпсіздік сертификаттары бар ма? Жауап / Түсініктеме:	
Ұйымыңыздың жердегі көліктеріндегі барлық орындықтар жарамды қауіпсіздік белдіктерімен жабдықталған ба?Жауап / Түсініктеме:	
Ұйымыңыздың жерүсті көліктері борттық қозғалысты бақылау жүйелерімен (GPS) жабдықталған ба? Борттық қозғалыс мониторингі жүйелерімен жабдықталған жерүсті көлік құралдарының тізбесін қоса беріңіз. Жауап / Түсініктеме:	
Ұйымыңыздың жүргізушілері қорғаныштықпен жүргізу және қыста көлік жүргізу бағдарламалары бойынша оқытылған ба? Жауап / Түсініктеме:	
ӨҚ және ЕҚОҚ саласындағы басқару жүйесін бағалаудың қорытынды ұпайы	

Дайындаған Мердігер басшылығының уәкілетті өкілі	Бағалау жүргізілді ӨҚ және ЕҚОҚ қызметінің басшысы	
Лауазымы	Лауазымы:	
Қолы:	Қолы:	
Күні:	Күні:	

Әзірлеген: Таджибалиева Р.К. _____	Келісілді: Туржанов К.Б. _____

Қосымша 5
ф. СТ-ИСМ-05-05

Техникалық ерекшелік бөліміне арналған ӨҚ және ЕҚОҚ саласындағы шаралар бойынша талаптар

1. Жұмыс жүргізу / қызметтер көрсету шарттарының қысқаша сипаттамасы.

2. Жоспарланған жұмыстардың/қызметтердің тәуекелдерін бағалау.

Тәуекел / Қауіпті және(немесе) Зиянды өндірістік фактор	Тәуекел/ Қауіпті және(немесе) Зиянды өндірістік фактор деңгейі	Тәуекелдің / Қауіпті және(немесе) Зиянды өндірістік фактордың алдын алу және азайту жөніндегі шаралар

3. Жабдыққа, көлікке, техникаға, мүлікке қойылатын негізгі талаптар.

4. Мердігердің жұмыскерлеріне қойылатын негізгі талаптар.

Қосымша 6
ф. СТ-ИСМ-05-06

Шарттың «Мердігерлік ұйымның ӨҚ және ЕҚОҚ саласындағы міндеттемелері» бөлімі[1]

1. Осы Шарт бойынша жұмыстарды орындау барысында Мердігер:

1.1. Еңбек заңнамасын қоса алғанда, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өнеркәсіптік, өрт және көлік қауіпсіздігі, қоршаған ортаны қорғау, жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы қолданыстағы Заңнамалық талаптардың нормаларын және жұмыстарды орындау/ қызметтер көрсету аумағында қолданылатын өзге де нормативтік актілерді сақтауға;

1.2. Тапсырыс берушінің ӨҚ және ЕҚОҚ саласындағы саясатын, «МТК өмірлік маңызды қағидаларының», МТК Экологиялық саясатының базалық қағидаттарын сақтау, жұмыстарды қауіпсіз орындау/ қызметтерді қауіпсіз көрсету тұжырымдамасын қолдау және нөлдік жарақаттануға ұмтылуға;

1.3. Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, қоршаған ортаны қорғау, табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану, жұмыстар орындалатын/ қызметтер көрсетілетін Объектінің өрт қауіпсіздігі бойынша қажетті іс-шаралардың орындалуын қамтамасыз етуге міндетті.

1.4. Мердігерлік ұйымдардың қызметіне қатысты МЖ және өзге де ішкі құжаттардың талаптарын қоса алғанда, МТК ӨҚ және ЕҚОҚ саласындағы ішкі нормативтік құжаттарының талаптарын сақтауға;

1.5. ӨҚ және ЕҚОҚ бойынша іс-шаралар жоспарын әзірлеу және Тапсырыс берушінің ӨҚ және ЕҚОҚ бойынша барлық ішкі талаптарының орындалуын, ал қажет болған жағдайда, Мердігердің қызметін Тапсырыс берушінің талаптарына сәйкес келтіру жөніндегі іс-шаралардың орындалуын қамтамасыз етуге міндеттенеді. ӨҚ және ЕҚОҚ жөніндегі іс-шаралар жоспары Тапсырыс берушінің ӨҚ және ЕҚОҚ қызметімен келісілуі және оларды Мердігер мен Тапсырыс берушінің уәкілетті өкілдері бекітуі тиіс.

1.6. Жұмыстарды орындау/ Қызметтер көрсету алдында Мердігер Жұмыскерлерінің дайындығын және Заңнамалық талаптарға сәйкес денсаулық жағдайын ауысым алдындағы/ рейс алдындағы медициналық куәландырудан өтудің тиісті тәртібін қамтамасыз етуге;

1.7. Тапсырыс берушіге жұмыстарды орындау/ қызметтер көрсету учаскесінде ӨҚ және ЕҚОҚ талаптарын орындауға жауапты өзінің уәкілетті өкілінің және Мердігердің басқа да Жұмыскерлерінің аты-жөнін хабарлауға;

1.8. Дәрігерге дейінгі медициналық көмек және(немесе) білікті медициналық көмек көрсету жағдайларын, МТК Алкогольге, есірткіге, психотроптық заттарға және олардың аналогтарына қатысты саясатының бұзылуын қоса алғанда, барлық Оқиғалар туралы мәліметті Тапсырыс берушіге дереу, олар анықталған сәттен бастап 1 сағаттан кешіктірмей ұсынуға;

1.9. Заңнамалық талаптарға, сондай-ақ Тапсырыс берушінің талаптарына сәйкес Оқиғаларды тергеуді ұйымдастыруға міндеттенеді. Оқиғаларды тергеп-тексеруді Заңнамалық талаптарда және Тапсырыс берушінің Ішкі талаптарында көзделген тәртіппен Тапсырыс беруші, Мердігер және жұмысқа тартылатын Қосалқы мердігерлердің өкілдері (қажет болса), сондай-ақ Заңнамалық талаптарда көзделген жағдайларда уәкілетті мемлекеттік органдардың өкілдері міндетті түрде қатысатын комиссия жүзеге асырады. Тергеу комиссиясына қатысудан бас тартуға жол берілмейді;

1.10. Мердігер осы Шарт бойынша жұмыстарды орындау/ қызметтер көрсету үшін Қосалқы мердігерді тартқан жағдайда, Мердігер Тапсырыс берушіге Қосалқы мердігердің Шартта көрсетілген ӨҚ және ЕҚОҚ талаптарына сәйкестігі туралы ақпаратты беруге және Тапсырыс берушіден Қосалқы мердігерді тартуға жазбаша мақұлдау алуға міндетті. Бұл ретте Тапсырыс беруші жалдау туралы шешім қабылдау үшін Қосалқы мердігердің жабдықтарын, техникасын, көлігін, мүлкін және жұмыскерлерін тәуелсіз тексеру (аудит) жүргізу құқығын өзіне қалдырады. Қосалқы мердігерді тарту туралы оң шешім алғаннан кейін Мердігер онымен жасалатын шарттарға осы бөлімде көзделген талаптарды енгізуге және олардың орындалуын бақылауға міндетті. Тапсырыс берушінің талап етуі бойынша Мердігер Қосалқы мердігерлермен жасасқан шарттарының көшірмелерін ұсынуға және Тапсырыс берушіде мәтін бойынша ескертулер болған жағдайда, шартқа тиісті өзгерістер енгізуді қамтамасыз етуге міндетті.

2. Мердігер жұмыстарды орындауға/ қызметтер көрсетуге қатысты қолданыстағы Заңнамалық талаптарға сәйкес келетін барлық лицензиялар мен рұқсаттарды күшінде ұстауы, Мердігердің барлық Жұмыскерлеріне, агенттеріне немесе Мердігерге қызмет көрсететін, еңбек қызметі жұмыстарды орындаумен/ қызметтер көрсетумен байланысты Жұмыскерлерге кіру визаларын, тұру рұқсаттарын, жұмыс істеу рұқсатын қоса алғанда, барлық әкімшілік рұқсаттарды уақтылы алуға және толық күшінде ұстауы тиіс.

3. Мердігер Мердігердің барлық Жұмыскерлерінің жұмыстарды/ қызметтерді сапалы орындау/ көрсету үшін қажетті тиісті кәсіптерде тәжірибесі мен біліктілігі болуын, еңбек тәртібін сақтауын және Тапсырыс берушінің жұмысқа/ қызметке немесе оны орындауға/ көрсетуге қатысты барлық белгіленген Заңнамалық талаптар мен ӨҚ және ЕҚОҚ саласындағы талаптарды орындауын қамтамасыз етуге міндетті. Мердігер жұмыстарды/қызметтерді өзі қызметін жүзеге асыратын саланың (индустрияның) ең жоғары стандарттары бойынша орындауы/көрсетуі тиіс.

Қажет болған жағдайда, Тапсырыс берушінің талап етуі бойынша Мердігер өз есебінен Жұмыс учаскесіне кіру немесе жұмыстарды орындау/ қызметтер көрсету үшін қажет болуы мүмкін Мердігердің Жұмыскерлерін қосымша оқытуды (мысалы, жүргізушілер үшін қорғаныштық және қысқы жүргізу) қамтамасыз етеді.

4. Тапсырыс беруші кез келген уақытта Мердігерден, Тапсырыс берушінің пікірінше, өз міндеттерін орындауға қабілетсіз немесе Тапсырыс берушінің мүдделерін бұзатын әрекет жасайды деп айыпталатын немесе мінез-құлқы Тапсырыс берушіге зиян келтіретін Мердігердің кез келген Жұмыскерін Тапсырыс берушіге шығын келтірмей, жұмыстан шығынсыз шеттетуді талап етуге құқылы және Мердігер бұған бағынуға міндетті болады және қажет болған жағдайда, Тапсырыс беруші үшін қосымша шығындарсыз қолайлы ауыстыруды дереу жүзеге асыруға міндеттенеді.

5. Мердігер айыппұлдарды, өсімпұлдарды төлеуді, сондай-ақ осыған байланысты келтірілген зиянды өтеуді қоса алғанда, жұмыстарды орындау/ қызметтер көрсету кезінде ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы жол берген Заңнамалық талаптарды бұзғаны үшін дербес жауапты болады. Егер Тапсырыс беруші Мердігердің жоғарыда көрсетілген бұзушылықтары үшін жауапқа тартылған жағдайда, соңғысы Тапсырыс берушіге келтірілген барлық шығындарды өтеуге міндеттенеді.

6. Жұмыстарды орындау/ қызметтер көрсету барысында Тапсырыс берушінің Жұмыскерлерімен болған Оқиғалар үшін Мердігердің кінәсі болған кезде Мердігер Тапсырыс берушіге келтірілген залалды өтеуге міндеттенеді.

7. Тапсырыс беруші Мердігердің немесе Мердігер тартқан Қосалқы мердігердің кез келген Жұмыскерінің денсаулығына зиян келтіруге әкеп соққан Оқиғалар үшін, оларды тергеп-тексеру кезінде ӨҚ және ЕҚОҚ талаптарын бұзу фактісі анықталған жағдайда, жауапты болмайды.

8. Мердігер не болса да, және Тапсырыс берушінің міндеттерін елемеуіне немесе ұқыпсыздығына қарамастан, Мердігердің және (немесе) Қосалқы мердігерлердің Жұмыскерлерінің денсаулығы мен өміріне келтірілген залалға, Мердігердің жабдығын немесе

мүлкін жоғалтуға, бүлдіруге немесе пайдаланудың мүмкін болмауына қатысты кез келген және барлық жауапкершіліктен, залалдан, рекламациядан немесе шығындардан (сот шығындары мен шығыстарын қоса алғанда) қорғауға, өтеуге және болдырмауға міндеттенеді, өйткені осы кіші бапқа сәйкес жұмыстарды орындау/ қызметтер көрсету үшін Мердігер жалдайтын немесе беретін барлық жабдық Мердігердің жабдығы немесе меншігі болып саналуы керек.

9. Мердігер Тапсырыс берушіні Мердігердің Жұмыскерлерінен, Мердігердің жабдығынан немесе мүлкінен қоршаған ортаның кез келген ластануына байланысты туындайтын кез келген жауапкершіліктен немесе шығындардан қорғауға, өтеуге және болдырмауға міндеттенеді.

10. Осы Шартқа қол қойылған күннен бастап 14 (он төрт) күн ішінде Мердігер өз есебінен Шарттың қолданылу мерзімі ішінде Заңнамалық талаптарға сәйкес сақтандыруды қамтамасыз етуге және сақтандыруды қолдауға және Тапсырыс берушіге сақтандыру полистерінің куәландырылған көшірмелерін ұсынуға тиіс, ол мыналарды қамтиды, бірақ аталғандармен шектелмейді:

1) Жұмыс берушінің еңбек (қызметтік) міндеттерін атқару кезінде оның өмірі мен денсаулығына зиян келтіргені үшін жауапкершілігін сақтандыру;

2) Кәсіптік қызмет барысында шығындарды сақтандыру;

3) Үшінші тұлғалар алдындағы жауапкершілікті сақтандыру;

4) жұмыстарды жүргізу/ қызметтер көрсету кезінде пайдаланылатын көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін сақтандыру;

5) Экологиялық сақтандыру;

6) Заңнамалық талаптарға сәйкес қажетті сақтандырудың кез келген басқа түрлері.

11. Тапсырыс беруші кез келген уақытта Мердігердің және (немесе)Мердігер тартатын Қосалқы мердігерлердің Шарттың осы бабының ережелерін сақтауын бақылауға құқылы. Тексеру барысында анықталған бұзушылықтар Тапсырыс берушінің, Мердігердің және (немесе) Мердігер тартатын Қосалқы мердігерлердің өкілдері қол қоятын актіде тіркеледі. Мердігер және (немесе) Мердігер тартатын Қосалқы мердігер мұндай актіге қол қоюдан бас тартқан жағдайда, оны Тапсырыс беруші біржақты тәртіппен ресімдейді.

12. Мердігердің осы баптың талаптарын сақтамауы, сондай-ақ ӨҚ және ЕҚОҚ талаптарын бірнеше қайтара бұзуы осы Шарттың талаптарын елеулі түрде бұзу болып табылады және Тапсырыс берушіге осындай бұзумен байланысты Мердігерге келтірілген залалдарды өтеуге Тапсырыс берушіні міндеттемей, осы Шартты біржақты тәртіппен бұзу құқығын береді.

Шартқа ӨҚ және ЕҚОҚ саласындағы келісім[1]

_____қаласы «___» _____ 202__ ж.

Бұдан әрі «Тапсырыс беруші» деп аталатын «_____» атынан _____ негізінде әрекет ететін_____ бір жағынан, және бұдан әрі «Мердігер» деп аталатын «_____» атынан _____ негізінде әрекет ететін _____, екінші жағынан, бірге алғанда «Тараптар» деп аталып, төмендегілер туралы осы ӨҚ және ЕҚОҚ саласындағы келісімді (бұдан әрі – Келісім) жасаты:

1. Тапсырыс беруші ӨҚ және ЕҚОҚ мәселелеріне жоғары көңіл бөледі және Мердігерден және (немесе) Қосалқы мердігер(лер)ден осы Саясатты ұстануды және ӨҚ және ЕҚОҚ саласындағы ең жоғары стандарттарды қамтамасыз етуді талап етеді. Тапсырыс берушінің ӨҚ және ЕҚОҚ саласындағы талаптары осы Келісімде, сондай-ақ ӨҚ және ЕҚОҚ бойынша ішкі нормативтік құжаттарда баяндалған, олар танысу үшін Мердігерге жұмыстар жүргізудің/қызметтер көрсетудің нақты басталуынан 15 күн бұрын мерзімнен кешіктірілмей ұсынылуы тиіс.
2. Тапсырыс беруші тексеру нәтижесінде немесе басқаша түрде Мердігердің ӨҚ және ЕҚОҚ талаптарын сақтамау фактілерін анықтаған жағдайда, Тапсырыс беруші мен Мердігер осындай бұзушылықтарды жою жоспары мен мерзімдерін келіседі. Мердігердің тараптармен келісілген осындай мақсаттар мен міндеттердің орындалуы үшін тиісті шаралар қабылдауға қабілетсіздігі Тапсырыс берушінің осы Шартты біржақты бұзуы үшін негіз болады, бұл ретте Тапсырыс беруші Мердігердің осындай бұзуға байланысты залалдарын өтеуге міндетті болмайды.
3. Мердігер барлық қолданыстағы Заңнамалық талаптарды, бекітілген практикалық нұсқаулықтарды және ӨҚ және ЕҚОҚ саласындағы қолданыстағы нормалар мен ережелерді орындайды және сақтайды. Мердігер жұмыстарды орындау/қызметтер көрсету процесінде қоршаған ортаны қорғауға бағытталған барлық негізделген сақтық шараларын қабылдайды.
4. Осы Шарт бойынша жұмыстарды орындау (қызметтер көрсету) барысында Мердігер:

Еңбек кодексін, Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы Заңды, Экологиялық кодексті, Азаматтық қорғау туралы Заңды, жұмыстарды орындау/қызметтер көрсету аумағында қолданылатын өзге де заңдар мен нормативтік актілерді, оның ішінде осы Келісімге 1-қосымшада көрсетілген Тапсырыс берушінің объектілерінде орындалуға міндетті ішкі құжаттарды, саясаттарды, қағидаларды, стандарттарды, регламенттер мен нұсқаулықтарды қоса алғанда, Заңнамалық талаптар нормаларының сақталуын қамтамасыз етуге, сондай-ақ өз Қосалқы мердігерлерінің осы талаптарды сақтауын қамтамасыз етуге міндеттенеді.

Мердігердің Жұмыскерлеріне және Қосалқы мердігерлердің Жұмыскерлеріне қатысты осы Келісімнің ережелері Мердігер/Қосалқы мердігер еңбек шарттарын, азаматтық-құқықтық сипаттағы шарттарды жасасқан-жасаспағанына не Мердігер/Қосалқы мердігер арасындағы осындай тұлғалармен қатынастар ресімделген-ресімделмегеніне қарамастан, Мердігер немесе Қосалқы мердігер жұмыстарды орындауға/қызметтер көрсетуге тартқан кез келген жеке тұлғаларға да қатысты қолданылуға тиіс. Мердігер/Қосалқы мердігер мен жұмыстарды орындау үшін тартылған жеке тұлғалар арасындағы қатынастардың құжаттамалық ресімделмеуі осындай тұлғаларға осы Келісімнің талаптарын қолданбауға және Мердігерді/Қосалқы мердігерді тиісті жауапкершіліктен босатуға негіз бола алмайды.

Тапсырыс берушінің мынадай талаптарының сақталуын қамтамасыз етуге (қатысты бөлігінде):

4.3.1. Оқиғалар, ағымдағы көрсеткіштер туралы ақпараттандыру және тергеу жүргізу саласында:

4.3.1.1. Оқиға болғаннан кейін 1 (бір) сағаттан кешіктірмей, осы Келісімге 2-қосымшада көрсетілген Оқиға туралы алғашқы хабарлама нысаны бойынша барлық болған жазатайым оқиғалар, авариялар, инциденттер, жол-көлік оқиғалары және басқалар туралы жедел хабарлауға.

[1] МТК (бұдан әрі – Тапсырыс беруші) шарты үшін

4.3.1.2. Ай сайын есепті айдан кейінгі айдың 4-іне дейінгі мерзімде осы Келісімге 3-қосымшада көрсетілген ӨҚ және ЕҚОҚ саласындағы ай сайынғы есеп нысаны бойынша өз жұмысының нәтижелері туралы ақпарат ұсынуға.
4.3.1.3. Мән-жайы Мердігердің қызметімен тікелей немесе жанама байланысты болатын және Тапсырыс беруші оның ішкі рәсіміне сәйкес тергеу жүргізуге бастама жасаған оқиғаны тергеуге қатысуға міндеттенеді.
4.3.2. Көлік қауіпсіздігі және жерүсті көлік құралдарымен тасымалдау саласында:
4.3.2.1. Жолаушылар мен жүктерді, оның ішінде қауіпті жүктерді тасымалдау үшін пайдаланылатын Мердігердің барлық жерүсті көлік құралдары (бұдан әрі – КҚ) мынадай құрылғылармен жабдықталуы тиіс:
1) дайындаушы зауыт орнатқан-орнатпағанынына қарамастан, жүргізушіге және барлық жолаушыларға арналған жарамды қауіпсіздік белдіктері;
2) қосалқы доңғалақ, баллон кілті, жарамды құралдар;
3) қысқы кезеңде – КҚ барлық дөңгелектерінде қысқы шиналар;
4) КҚ орналасқан жерін қашықтықтан анықтау және жылдамдық режимін бақылау үшін КҚ борттық мониторинг жүйелері. Бұл ретте белгіленген жүйелерден алынатын деректерді есепке алу және талдау ұйымдастырылуы тиіс;
5) Жол жүрісі қағидаларын (бұдан әрі – ЖЖҚ) бұзуды тіркеуге арналған видеотіркегіштер;
КҚ-да немесе оларды пайдалану міндетті болатын объектілерде жарамды қорғанысш құралдары (ұшқын сөндіргіштер, статикалық электр қуатын алуға арналған құрылғылар және т.б.). Дайындаушы зауыт ұшқын сөндіргішті (КҚ ішкі құрылымы) қарастырған-қарастырмағанына қарамастан, КҚ-ға қатысты ұшқын сөндіргіштер КҚ-ға сыртқы құрылғы ретінде орнатылуы керек (көзге көрініп тұруы керек);
6) медициналық қобдиша, авариялық тоқтату белгісі, өрт сөндіргіштердің қажетті саны, кері жүріп кетуге қарсы тіректер, жарық шағылыстыратын кеудешелер, құтқару кеудешелері (мұз өткелдерінде жұмыс істеу кезінде) және басқа да қажетті ЖҚҚ және қауіпсіздік құралдары.
4.3.2.2. Мердігер мыналарды ұйымдастыруға міндетті:
1) Заңнамалық талаптарға сәйкес КҚ жол жүру қауіпсіздігі жөніндегі жұмыс;
2) жүргізушілердің ЖЖҚ сақтауын бақылау;
3) жұмыстарды/қызметтерді көрсетуді бастамас бұрын желіге (маршрутқа) шығу алдында КҚ-ны бақылап тексеру;
4) КҚ сапарларын қауіпсіз басқару жоспарын енгізу және қолдану.
4.3.2.3. Мердігер мыналарды қамтамасыз етуге міндетті:
1) жүргізушілердің Заңнамалық талаптарға сәйкес еңбек және демалыс режимін сақтауы;
2) тиісті біліктілігі бар жүргізушілерге жұмысқа рұқсат беру және Заңнамалық талаптар мен Тапсырыс берушінің стандарттарына сәйкес нақты КҚ санатын басқару үшін қажетті рұқсат құжаттары;
3) өндіруші зауыт бекіткен КҚ-ға тұрақты техникалық қызмет көрсету және желіге техникалық жарамды КҚ шығару;
4) жүргізушілерді рейс алдындағы және рейстен кейінгі медициналық қарап-тексеру; дайындаушы зауыттың талаптарына сәйкес КҚ-ны мақсатына сай пайдалану және қолдану;
5) барлық жоспарланған КҚ сапарларының тәуекелін бағалау және оОқиғаларға жол бермеу жөніндегі шараларды әзірлеу;
6) жерүсті көлік құралдарын қауіпсіз пайдалану жөніндегі Тапсырыс берушінің саясатын сақтау;
7) Тапсырыс берушінің Объектісінде белгілеуге (схемаларға) сәйкес КҚ қозғалысы мен тұрағы (бар болса).
4.3.3. Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік саласында:
4.3.3.1.Жеке қорғаныш құралдарын (ЖҚҚ) қамтамасыз ету және қолдану:
1) Мердігердің барлық Жұмыскерлері сертификатталған ЖҚҚ-мен қамтамасыз етілуі тиіс және оларды Тапсырыс берушінің талаптарына сәйкес жұмыстар жүргізу/қызметтер көрсету орнында болған кезде пайдалануы тиіс, негізгі ең аз қажетті ЖҚҚ:
а) металл немесе композиттік тұғыры бар қорғаныш аяқ киім;
б) иек бауы бар каска;
в) маусымға және климаттық белдеуге және орындалатын жұмыстардың/көрсетілетін қызметтердің түрлеріне сәйкес арнайы киім;
г) көзді, бетті (көзілдірік, қалқан) және қолды (қолғап) қорғау құралдары.

4.3.3.2. Қауіпті жұмыс түрлерін орындайтын Мердігердің Жұмыскерлері тиісті ЖҚҚ-мен қосымша қамтамасыз етілуі тиіс:
1) тегістеу және қайрау құралдарымен жұмыс істеу кезіндегі бет қалқаны;
2) дәнекерлеу жұмыстарына арналған жабық қорғаныш көзілдіріктер, қорғаныш маскалар және ыстыққа төзімді қолғаптар;
3) орындалатын жұмыстардың/көрсетілетін қызметтердің жағдайлары мен түрлеріне қарай тыныс алу органдарын қорғау құралдары (ТОЖҚҚ);
4) биіктікте жұмыс істеу кезіндегі құлаудан қорғау құралдары;
5) электр қондырғыларындағы жұмыстар кезіндегі электр доғасы әсерінен қорғау құралдары;
6) су объектілерінде жұмыс істеу кезіндегі қорғау және құтқару құралдары.
4.3.3.3. Мердігер төтенше жағдайлардағы іс-қимыл жоспарларының, қауіпті өндірістік объектідегі авариялардың салдарын оқшаулау және жою жөніндегі іс-шаралар жоспарларының, орындалатын жұмыстардың/көрсетілетін қызметтердің сипатына қатысты Объектіде мұнай және мұнай өнімдерінің төгілуінің алдын алу және жою жөніндегі жоспарлардың, сондай-ақ өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы Заңнамалық талаптарға сәйкес қажетті өзге де құжаттардың болуын қамтамасыз етуге тиіс.
4.3.3.4. Мердігер жұмыс орындарында қолданылатын жабдықтар мен қауіпті заттардың өзекті сертификаттарының, химиялық заттардың қауіпсіздік паспорттарының, санитарлық-эпидемиологиялық қорытындылардың, жабдықтарды қолдануға және жұмыстарды орындау/қызметтер көрсету кезінде қолданылатын химиялық реагенттерді пайдалануға рұқсаттардың, сондай-ақ өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы Заңнамалық талаптарға сәйкес қажетті өзге де құжаттардың болуын қамтамасыз етуге тиіс.
4.3.3.5. Мердігердің Жұмыскерлерін Тапсырыс берушінің объектілерінде қауіпті жұмыстарды тікелей орындауға жіберу рұқсат-жүктемелер мен өкімдер ресімдеу арқылы жүзеге асырылады. Рұқсат-жүктеме жұмыс жүргізу үшін арнайы рұқсат алу қажет болған кезде қолданылады. Рұқсат-жүктеме жұмыс орнының қауіпті жағдайларын анықтауды, ілеспе тәуекелдердің дәрежесін бағалауды, жұмыстардың орындалу барысын бақылау мен жұмыстарды орындаудың неғұрлым тиімді тәсілдерін ұсыну үшін бақылау шараларын пайдалану үшін бақылау шараларын нақтылауды қажет етеді.
Рұқсат-жүктеменің мақсаты – белгілі бір жұмысқа байланысты тәуекелдерді еңсеру және бақылау әдістерін анықтау және құжаттау. Рұқсат-жүктемеде бекітуші, жауапты және келісуші тұлғалар бірлескен бұйрықта тіркелуге тиіс. Мердігер өзінің әдісін (әдістерін) Тапсырыс берушінің қарауына ұсынады.
Егер Тапсырыс беруші осындай жұмыстарды жүргізудің құжатталған әдістері Мердігердің әдістеріне қарағанда қатаң деп санаса, Тапсырыс берушінің өкілі Мердігерден Тапсырыс берушінің әдістерін қолдануды талап ете алады.
Қауіпті жұмыстарды жүргізу жоспарланып отырған Тапсырыс беруші объектісінің Тапсырыс берушісінің Желілік басшысы Заңнамалық талаптарға және Тапсырыс берушінің ӨҚ және ЕҚОҚ саласындағы корпоративтік талаптарына сәйкес жұмыс жүргізудің нақты орнында рұқсат-жүктемелердің дұрыс ресімделуін, Мердігер Жұмыскерлерінің жұмыс орнының, авариялық-құтқару және басқа да қорғау құралдарының дайындығын бақылайды.
4.3.4. ӨҚ және ЕҚОҚ және денсаулықты қорғау бойынша аттестаттау саласында Мердігердің Жұмыскерлерін Тапсырыс берушінің объектілеріне жіберу мынадай шарттар орындалған кезде жүзеге асырылады:
4.3.4.1. Тапсырыс берушінің объектілеріне жұмыстарды орындау/қызметтер көрсету үшін бірінші рет келетін Мердігердің барлық Жұмыскерлері Тапсырыс берушінің ӨҚ және ЕҚОҚ қызметі маманынан немесе Тапсырыс берушінің осыған арнайы уәкілеттік берілген басқа адамнан кіріспе нұсқамадан өтуі тиіс.
4.3.4.2. Жұмыс жүргізу орнында Мердігердің Жұмыскерлері тиісті оқудан, аттестаттаудан және ӨҚ және ЕҚОҚ саласындағы білімдерін тексеруден өту фактісін растайтын белгілері бар білімдерін тексеру хаттамасының көшірмесін және куәлігін (жеке карточкасын) өзімен бірге алып жүруге тиіс.
4.3.4.3. Мердігер Тапсырыс берушінің уәкілетті өкілінің бірінші талап етуі бойынша ӨҚ және ЕҚОҚ саласында оқытуды, аттестаттауды және білімді тексеруді жүргізу кестесін ұсынуға тиіс.
4.3.4.4. Мердігер объектіде Заңнамалық талаптарға (кәсіптер мен жұмыс түрлері бойынша еңбекті қорғау жөніндегі нұсқаулықтар, нұсқамалар бағдарламалары, қауіптілігі жоғары жұмыстар тізбесі және т.б.) сәйкес ӨҚ және ЕҚОҚ саласындағы өзекті құжаттаманың болуын және жүргізілуін қамтамасыз етуге тиіс.

4.3.4.5. Тапсырыс берушінің теңіз объектілерінде жұмыстарды орындайтын/қызметтер көрсететін Мердігер мен Қосалқы мердігердің Жұмыскерлерінің теңізде аман қалу бойынша оқыту курсынан өткені туралы қолданыстағы куәлігі болуға міндетті. Оқыту курстары кем дегенде мынадай дайындық бағыттарын қамтуы керек:
1) суда құтқару, оның ішінде суық суда аман қалу, ағза гипотермиясының алдын алу, құтқару құралдарын дұрыс жабдықтау және пайдалану;
2) эвакуациялық жеңдердің көмегімен эвакуациялау;
3) өрт сөндіру негіздері, оның ішінде өрт сөндіргіштерді дұрыс пайдалану;
4) алғашқы көмек көрсету негіздері, оның ішінде жүрек-өкпе реанимациясы.
4.3.4.6. Мердігер:
1) міндетті түрде растайтын құжаттарды ұсына отырып, Тапсырыс берушінің объектілерінде, медициналық мекемелерде жұмыстарды орындайтын мМердігердің барлық Жұмыскерлеріне 100% алдын ала және мерзімді медициналық тексерулер жүргізу;
2) вахталық жұмыс әдісі кезінде Мердігердің барлық Жұмыскерлерінің 100%-ы вахтаға дейінгі медициналық тексеруден өтуі;
3) Мердігердің барлық Жұмыскерлерінде және қосалқы Мердігердің Жұмыскерлерінде өндірістегі жазатайым оқиғалардан және кәсіптік аурудан міндетті сақтандырудың болуы; 50 жұмыскерге кемінде 1 оқытылған адам мөлшерінде Мердігердің Жұмыскерлерін, Қосалқы мердігердің Жұмыскерлерін алғашқы көмек көрсету дағдыларына оқыту;
4) Мердігер тартатын Мердігердің және (немесе) Қосалқы мердігердің Жұмыскерлерінің жиынтық саны 50 және одан да көп адамнан көп болған кезде медициналық пунктінің медицина қызметкерінің кәсіптік жарамдылығын растайтын құжаттарды ұсына отырып, Тапсырыс берушінің негізгі әлеуметтік инфрақұрылымнан шалғайдағы объектілерінде жиынтықталған фельдшерлік немесе дәрігерлік медициналық пунктінің және кезекші санитариялық көліктің болуы немесе шұғыл медициналық көмек көрсетуге мамандандырылған медициналық ұйыммен шарт жасасуы;
5) жұмыстарды орындау басталғанға дейін Тапсырыс берушімен келісілген шұғыл медициналық ден қою жоспарының (ШМДЖ) болуы. ШМДЖ-да жұмыс жүргізілетін жерде медициналық көмек көрсетудің барлық шарттары және науқасты/зардап шеккен адамды жұмыс жүргізілетін жерден тиісті деңгейдегі медициналық мекемеге дейін шұғыл медициналық эвакуациялау тәсілдері егжей-тегжейлі айтылуы тиіс.
4.3.5. Қоршаған ортаны қорғау саласында:
4.3.5.1. Мердігер Қазақстан Республикасы Экологиялық кодексінің және«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компаниялар тобындағы Қалдықтарды басқару жөніндегі стандарттың (KMG-ST-5480.1-13) талаптарына сәйкес қалдықтарды басқару бағдарламасын әзірлеуге және іске асыруға міндетті. 4.3.5.2. Мердігер осы Шарттың нысанасы болып табылатын жұмыстарды орындау/қызметтер көрсету кезінде оның қызметі нәтижесінде пайда болатын өндіріс және тұтыну қалдықтарының меншік иесі болып табылады.
4.3.5.3. Осы Шартта көзделген жұмыстарды орындау/қызметтер көрсету процесінде Мердігер өз күшімен және құралдарымен Объектіні өз қызметі барысында пайда болатын барлық өндіріс пен тұтыну қалдықтарынан жүйелі түрде жинауды, кейіннен Тапсырыс берушімен келісілген қалдықтарды жинақтау орындарында уақытша жинауды және Мердігер мамандандырылған ұйымдармен өз бетінше жасасқан шарттар бойынша мамандандырылған полигондарға әкетуді қамтамасыз етеді.
4.3.5.4. Мердігер жұмыстарды орындау/қызметтер көрсету кезінде қауіпті қалдықтардың паспорттарының болуын қамтамасыз етуі тиіс.
4.3.5.5. Мердігер өндірістік алаңда жұмыстарды жүзеге асыру кезінде қалдықтарды жинау, тасымалдау, есепке алу, жинақтау кезінде экологиялық талаптардың сақталуына жауапты болады және экологиялық рұқсатпен жинақтауға көзделген қалдықтардың түрлерінен басқа , аталған объектілерде өзге де қалдықтарды жинақтауға, сақтауға құқығы жоқ.
4.3.5.6. Жұмыстар аяқталғаннан кейін Мердігер Тапсырыс беруші тарапынан орындалған жұмыстарды/көрсетілген қызметтерді қабылдау актісіне қол қойғанға дейін Объектіден өзінің барлық жабдықтары мен техникасын, материал қалдықтарын әкетеді, өзі тұрғызған уақытша ғимараттар мен құрылыстарды бөлшектеуді жүргізеді, осы жұмыстардан/көрсетілетін қызметтерден пайда болған қалдықтарды әкетеді және Объектіні және алаңды экологиялық және санитарлық норма талаптарына сай күйде қалдырады. Тапсырыс берушінің талап етуі бойынша Мердігер рекультивация жүргізеді, Мердігер міндетті түрде Тапсырыс берушіге өндіріс және тұтыну қалдықтарын Қалдықтарды қабылдау жөніндегі мамандандырылған ұйымдарға беру туралы құжаттаманы (құжаттама – тараптар

қол қойған орындалған жұмыстар/көрсетілген қызметтер актілері, мемлекеттік экологиялық сараптама қорытындысы және әсер етуге экологиялық рұқсат) ұсынады.

4.3.5.7. Мердігер уәкілетті мемлекеттік органда экологиялық рұқсатты (Тапсырыс берушімен келісім бойынша) дербес ресімдейді. Мердігер қоршаған ортаға теріс әсер еткені үшін төленетін төлемдерді өзі есептеуйді және төлейді, егер шартта өзгеше тәртіп көзделмесе, Заңнамалық талаптарға сәйкес белгіленген есептілікті жүргізеді.

4.3.5.8. Мердігер жұмыстарды жүргізу объектісінде экологиялық заңнама талаптарының сақталуына бақылау жүргізуге міндетті.

4.3.5.9. Мердігер «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компаниялар тобындағы қҚалдықтарды басқару жөніндегі стандартқа (KMG-ST-5480.1-13) сәйкес есептілікке, қалдықтарды қалпына келтіру мен шығаруды бақылауға, қалдықтарды тасымалдауға, қалдықтарды жинақтауға және есепке алуға қойылатын талаптарды сақтауға міндетті.

4.3.6. Алкогольге, есірткі құралдарын, психотроптық заттар және олардың аналогтарын қолдануға тыйым салу:

4.3.6.1. Мердігер:

1) Мердігердің Жұмыскерлерімен алкогольді, есірткі құралдарын, психотроптық заттар мен олардың аналогтарын пайдалануға тыйым салу, оларды тасымалдау мен сақтау және оны бұзғаны үшін жауапкершіліктің бұлтартпастығы бөлігінде нұсқама жүргізуге.

2) Тапсырыс беруші объектісінің аумағынан бұзушыны шығару үшін барлық шараларды қабылдай отырып, Мердігердің Жұмыскерлерін алкогольдік, есірткілік немесе уытты масаң күйде жұмысқа жібермеуге (жұмыстан шеттетуге).

3) МердігердіңЖұмыскерлерінің, оның ішінде Қосалқы мердігер Жұмыскерлерінің, өндірістік қызметті жүзеге асыру үшін қажетті заттарды қоспағанда, құрамында алкоголь бар сусындарды, есірткі құралдарын, психотроптық заттарды және олардың аналогтарын пайдалануына, алып жүруіне, көлікпен алып жүругіне және олардың жұмыс жүргізу орындарында және тұратын орындарында масаң күйде жүруіне жол бермеуге міндетті.

4.3.6.2. Көрсетілген шектеулерді бақылауды қамтамасыз ету мақсатында Тапсырыс беруші Жұмыс жүргізілетін жерге және Мердігердің персоналы тұратын жерге жеткізілетін барлық көлік құралдарын, заттар мен материалдарды тексеруге және қарауға құқылы.

4.3.6.3. Егер мұндай тексеру нәтижесінде көрсетілген тыйым салынған заттар табылса, оларды алып қою қажет. Мердігердің Жұмыскерлері алкогольдік, есірткілік, психотроптық немесе уытты мас күйінде жұмыс жүргізілетін немесе тұратын жеріне жіберілмейді, Тапсырыс берушінің объектілерінде одан әрі жұмыс істеуге құқығы болмайды.

4.3.6.4. Алкогольді, есірткіні, психотроптық заттарды және олардың аналогтарын пайдаланудың барлық фактілері тіркеліп, медициналық қорытындымен және/немесе өзге де дәлелдемелермен расталуы тиіс. Алкогольдік, есірткілік немесе психотроптық масаң күйде болуы мүмкін адамдар анықталған жағдайда, бұл туралы акт жасалады. Актіде адамның медициналық куәландыруды жүргізуге келісімі немесе одан бас тартуы тіркелуі қажет. Актіге күзет ұйымының қызметкері және/немесе медицина қызметкері және/немесе Тапсырыс берушінің қызметкері немесе Мердігердің өкілі қол қояды. Актіге қол қойған адамдардың жалпы саны кемінде екі адам болуға тиіс. Өзіне қатысты акт жасалып жатқан адамды актімен қол қойғызып таныстыру қажет. Мұндай адам актімен танысқанын растап қол қоюдан бас тартқан жағдайда, актінің мазмұны осындай адамға дауыстап оқылады, танысудан бас тартқаны актіде тиісті жазбамен тіркеледі. Актіге қол қойған адамдар да актімен танысудан бас тарту туралы жазбаны растау үшін өз қолдарын қояды. Акт жасаумен бір мезгілде жұмыскердің алкогольдік, есірткілік немесе психотроптық масаң күйде жүруінің анықталған фактісі туралы ақпарат Мердігерге шартта не осы Келісімде көрсетілген телефон арқылы хабарланады. Адамның медициналық куәландырудан өтуден бас тартуы, оның актіде тіркелуі Мердігерге тиісті талап қою және айыппұл төлеуді талабып ету үшін негіз болады. Өзіне қатысты тиісті акт жасалған адамнан рұқсаттама алынады, оны объектінің аумағынан шығару жөнінде шаралар қабылданады. Болашақта мұндай адамдардың объект аумағына кіруіне рұқсат етілмейді, кіру қағазы берілмейді.

Алкогольдік, есірткілік немесе психотроптық масаң күйде болғанын растайтын қосымша дәлел ретінде фото және видео материалдар, Тапсырыс беруші қызметкерлерінің, күзет ұйымы қызметкерлерінің, медицина қызметкерлерінің түсіндірмелері, Мердігер Жұмыскерлерінің жазбаша түсіндірмелері пайдаланылуы мүмкін.

4.3.7. Өндірістік бақылау саласында:

4.3.7.1. Тапсырыс беруші Тапсырыс берушінің өзі ӨҚ және ЕҚОҚ саласындағы талаптардың сақталуын бақылау үшін Мердігер Мердігердің аумағында орналасқан (Мердігерге меншік құқығында тиесілі де, сондай-ақ жалға алу немесе өзге уағдаластық құқықтарында үшінші тұлғалардың пайдалануына берілгені де) Тапсырыс беруші объектісінің шегінде Тапсырыс берушінің уәкілетті өкілдерінің, оның ішінде күзет ұйымдарының, вахталық кенттердің, өндірістік базалардың, КҚ және Мердігердің өзге де объектілерінің (Мердігерге меншік құқығында тиесілі де, пайдалануға берілгені де) жұмыскерлеріне кедергісіз кіруін қамтамасыз етуге тиіс. Мердігер сондай-ақ осы талаптарды өзінің Қосалқы мердігерімен арадағы шарттық міндеттеме ретінде енгізуге міндеттенеді.
4.3.7.2. Талаптардың бұзылғаны анықталған жағдайда, Тапсырыс беруші Мердігерге осы Келісімге 4-қосымшада көрсетілген нысан бойынша бұзушылықтарды жоюдың ұсынылған мерзімдерін көрсете отырып, тиісті акт береді. Акт екі данада жасалады: біреуі анықталған ескертулерді жою үшін Мердігердің өкіліне беріледі, екіншісі – жұмыстар жүргізілетін желілік объектіде бақылау үшін қалады.
4.3.7.3. Егер Мердігер қандай да бір себептерге байланысты ұсынылған мерзімдерде бұзушылықтарды жоя алмаса, онда Тапсырыс берушімен бірлесіп, келісілген мерзімдерді көрсете отырып, бұзушылықтарды жою жоспары әзірленеді.
4.3.7.4. Тексеру барысында анықталған ескертулер жойылғаннан кейін Мердігердің өкілі актінің түбіртегін толтырады және оны жұмыстар жүргізілетін Объектінің Желілік басшысына береді. Объектінің Желілік басшысы Мердігердің актіде көрсетілген ескертулерді жойғанын немесе Мердігердің ӨҚ және ЕҚОҚ талаптарына анықталған сәйкессіздіктерді жою мерзімдерін дәлелді түрде ауыстырғанын Тапсырыс берушінің ӨҚ және ЕҚОҚ қызметіне дереу хабарлайды.
4.3.7.5. Егер актіде өзгеше көзделмесе, Мердігер бұзушылықтарды жою және түзету іс-шараларын орындау туралы ақпаратты осы Келісімге 3-қосымшада көрсетілген нысан бойынша ай сайынғы есептілік құрамында береді.
4.3.7.6. Мердігер өз пікірі бойынша немесе Тапсырыс берушінің пікірі бойынша Мердігер және (немесе) Қосалқы мердігер Тапсырыс берушінің, Мердігердің немесе Қосалқы мердігердің, үшінші тұлғалардың, Объектілердің жұмыскерлеріне, Тапсырыс берушінің беделіне немесе қоршаған ортаға тікелей немесе ықтимал қауіп төндіретін қауіпті тәсілмен орындайтын жұмыстарды тоқтатуға міндетті. Мұндай жағдайларда Тапсырыс беруші уақытты жоғалту немесе қосымша шығындар түріндегі салдар үшін жауап бермейді. Жұмысты тоқтатқаннан кейін мүмкіндігінше қысқа мерзімде Тапсырыс беруші Мердігерге жұмыстарды тоқтату себептерін көрсете отырып және Мердігерден осы жұмыстар қайта басталғанға дейін барлық тәуекелдер деңгейін төмендету жөнінде шаралар қабылдауды талап ете отырып, жазбаша хабарлама жібереді.
4.3.7.7. Тапсырыс берушімен келісім бойынша Мердігер Объектіде жұмыс жүргізілетін жерде (Мердігер Жұмыскерлерінің санына, учаскенің қолжетімділігіне, жүргізілетін жұмыс түріне қарай) ӨҚ және ЕҚОҚ саласындағы мамандардың қажетті санын немесе Мердігердің бұйрығымен тағайындалған өндірістік қауіпсіздік саласындағы жұмысты ұйымдастыруға жауапты адамның болуын қамтамасыз етуге тиіс.
4.3.8. Өрт қауіпсіздігі саласында:
4.3.8.1. Мердігер жұмыс жүргізу объектілерінде Заңнамалық талаптарға сәйкес өрт қауіпсіздігі талаптарының орындалуын дербес қамтамасыз етеді.
4.3.8.2. Мердігер өрт туындауын және одан келтірілген залалды болдырмау, сондай-ақ өртке қарсы режимді сақтау мақсатында барлық қажетті өкімдік құжаттаманы әзірлейді.
4.3.8.3. Жұмыстарды жүргізу үшін Мердігерге бөлінген аумақ, объектілер, жабдықтар таза ұсталуы тиіс. Жанғыш қалдықтар, қоқыс, мұнай өнімдерінің төгілуі және т.б. экологиялық талаптарға сәйкес жойылуы тиіс.
4.3.8.4. Мердігер өндірістік және қойма ғимараттарының сыртқы жағында жарылыс өрт қаупі бойынша өндіріс санаты белгісін, өрт қауіпсіздігіне жауапты адамның аты-жөнін және өрт күзетінің телефон нөмірін іліп қояды.
4.3.8.5. Мердігер Мердігердің барлық Жұмыскерлерін (тартылатын Қосалқы мердігерлерді қоса алғанда) өртке қарсы режимді сақтау қағидаларына, өрт нұсқаулығының барлық түрлеріне оқытуды, өрт-техникалық минимум бағдарламасы бойынша оқытуды қамтамасыз етуге тиіс.
4.3.8.6. Әрбір объект үшін және өндірістік және қоймалық мақсаттағы жарылыс-өрт қауіпті үй-жай үшін бөлек-бөлек Мердігер өрт қауіпсіздігі шаралары туралы нұсқаулықтар әзірлейді.
4.3.8.7. Мердігер эвакуациялық шығуларға және өрт сөндіру жабдықтарын орналастыру орындарына тұрақты еркін өтуді қамтамасыз етеді.

4.3.8.8. Мердігер зауытта орындалған жарамды электр жабдықтарын ғана пайдаланады және қолданады. Электр жылыту аспаптары жылу қорғанысшы болған жағдайда ғана пайдаланылады.
4.3.8.9. Мердігер объектілерді белгіленген тәртіппен сертификатталған алғашқы өрт сөндіру құралдарымен, ал өрт қауіпсіздігі нормаларында көзделген жағдайларда су қорымен және өрт сөндіру құралдарымен қамтамасыз етеді.
4.3.8.10. Мердігер мезгіл-мезгіл Тапсырыс берушінің өкілдерімен келісілген тексеру кестелерінің негізінде өрт сөндіру жүйелері мен құралдарына тексеру жүргізеді.
4.3.8.11. Өрт немесе оның туындауына ықпал ететін оқиғалар орын алған жағдайда, Мердігер бұл туралы Тапсырыс берушіге белгіленген нысанда дереу хабарлайды.
4.3.8.12. Мердігер өндірістің барлық процестерін қағидаларға, бекітілген ережелерге және басқа нормативтік-техникалық құжаттамаға сәйкес жүргізеді, ал жабдық конструкторлық құжаттамаға сәйкес келуі керек.
4.3.8.13. Жылжымалы тұрғын жайларды (вагон-үйлерді) ұйымдастыру кезінде Мердігер оларды мынадай талаптарға сәйкес орналастырады: 10 вагон-үйден аспайтын топ, топтар арасындағы қашықтық кемінде 15 метр, жекелеген вагон-үйлер арасындағы қашықтық кемінде 3.5 м. Әрбір 10 вагон-үйге бір өрт қалқаны жинақталады. Әрбір вагон-үй екі ОП 4 (з) типті өрт сөндіргіштермен, қорғаныш ажырату құрылғысы (ҚАҚ) бар автоматты ажыратқыштармен жабдықталуы тиіс. Әрбір вагон-үй өрт дабылы, хабарландыру және эвакуацияны басқарудың автоматты жүйесімен жабдықталады, оған мыналар кіреді: өрт анықтау датчиктері, сыртқы жағынан жарық және дыбыстық хабарлағыштар және ғимарат ішінде дыбыстық хабарлағыштар, резервтік қуат көзі бар өрт дабылы аспабы. Көрнекті орындарда өрт қауіпсіздігі шаралары бойынша нұсқаулықтар және төтенше жағдайлар (ТЖ) туындаған кездегі эвакуациялау схемалары ілінуі тиіс. Тұрғын жайлар кешені ТЖ туралы хабарлау құралдарымен және қызметкерлердің жиналу орнымен жабдықталуы тиіс. Мердігер Заңнамалық талаптарға сәйкес жанар-жағармай материалдарын (ЖЖМ), тез тұтанатын және жарылғыш материалдарды сақтау орындарын жабдықтауға тиіс. Темекі шегу арнайы бөлінген және жабдықталған жерде ұйымдастырылуы керек.
4.3.9. Мердігер, кем дегенде,мынадай санитарлық-тұрмыстық жағдайларды қамтамасыз етуге міндетті:
4.3.9.1. Объектідегі Жұмыскерлердің жиынтық санын негізге ала отырып, Мердігердің Жұмыскерлері үшін жеткілікті тұратын орындардың болуы.
4.3.9.2. Әрбір вагон-үйде дайындаушы зауыттың паспорты болуы, бастапқы өрт сөндіру құралдарымен және өрт дабылымен жабдықталуы тиіс: әрбір тұрғын бөліктегі түтін хабарлағыштар, вагон сыртына дыбыстық және жарық дабылы қосымша шығарылатын етіп, адамдарды өрт туралы хабардар ету жүйелері.
4.3.9.3. Санитариялық-гигиеналық нормаларға сай келетін және санитариялық-эпидемиологиялық бақылау органдарында расталған тиісті сападағы ауыз судың жеткілікті көлемінің болуы.
4.3.9.4. Отыратын орны жеткілікті болатындай тамақтану үшін жағдай жасау.
4.3.9.5. Бөлінген және жабдықталған азық-түлік сақтау орындарының, оның ішінде тез бұзылатын өнімдерді сақтауға арналған тоңазытқыш техникамен жабдықталған орындардың болуы.
4.3.9.6. Арнайы киімді сақтау және кептіру үшін жағдайларды қамтамасыз ету.
4.3.9.7. Қажет болған жағдайда арнайы киімді орталықтандырылған химиялық тазалауды және жөндеуді ұйымдастыру.
4.3.9.8. Мердігердің Жұмыскерлері үшін санитарлық тазалықты сақтау мүмкіндігіне жағдай жасау (душ кабиналары, қол жуғыштар, моншалар, сауналар және т.б.)
4.3.9.9. Дәретханалардың (оның ішінде қыс мезгіліне арналған жылы дәретханалар) жеткілікті санының болуы.
4.4. Мердігер Қосалқы мердігерлерді немесе үшінші тұлғаларды тартқан жағдайда, Мердігер олармен жасалатын шарттарға осы Келісімде көзделген талаптарды енгізуге және олардың орындалуын бақылауды жүзеге асыруға міндетті. Тапсырыс берушінің талап етуі бойынша Мердігер Қосалқы мердігерлермен және үшінші тұлғалармен жасасқан шарттарының көшірмелерін ұсынуға және Тапсырыс берушіде мәтін бойынша ескертулер болған жағдайда, шартқа тиісті өзгерістер енгізуді қамтамасыз етуге міндетті. Сондай-ақ Мердігер Тапсырыс берушінің талап етуі бойынша Мердігер Жұмыскерлерінің, Қосалқы мердігерлер Жұмыскерлерінің немесе осы Шарт бойынша жұмыстарды орындауға тартылған ӨҚ және ЕҚОҚ саласында негізгі лауазымдарды атқаратын үшінші тұлғалардың біліктілігі, білімі және жұмыс тәжірибесі бойынша ақпаратты Тапсырыс берушінің қарауына беруге міндеттенеді.

4.5. Тапсырыс беруші кез келген уақытта Мердігерден өзінің біліктілігінің орындалатын лауазымдық міндеттеріне сәйкес келмегені, қажетті оқудан өткенін растайтын құжаттардың болмауы үшін, кейіннен ӨҚ және ЕҚОҚ саласындағы білімдерін аттестаттаумен және тексерумен, сондай-ақ жұмыстарды қауіпсіз жүргізу қағидаларының талаптарын өрескел, қасақана немесе бірнеше рет бұзғаны үшін өз Объектісінен Мердігердің кез келген Жұмыскерін шеттетуді, ал қажет болған жағдайда өз Объектісінен шығаруды талап етуге құқылы.

5. Мердігер айыппұлдарды, өсімпұлдарды төлеуді, сондай-ақ осыған байланысты келтірілген зиянды өтеуді қоса алғанда, өзі не ол тартқан Қосалқы мердігерлердің немесе үшінші тұлғалардың жұмыстарды орындау кезінде ӨҚ және ЕҚОҚ саласындағы жол берген Заңнамалық талаптарды бұзғаны үшін дербес жауапты болады. Егер Тапсырыс беруші Мердігердің жоғарыда көрсетілген бұзушылықтары үшін жауапқа тартылған жағдайда, соңғысы Тапсырыс берушіге келтірілген барлық шығындарды өтеуге міндеттенеді.

6. Шарт бойынша міндеттемелерді орындау процесінде болған Оқиғаны ішкі тергеп-тексеру нәтижесінде анықталған Мердігердің кінәсі болған жағдайда, Мердігер Тапсырыс берушіге келтірілген залалды өтеуге міндеттенеді.

7. Тапсырыс беруші Мердігердің кез келген Жұмыскерінің, Қосалқы мердігердің Жұмыскерінің немесе Мердігер тартқан үшінші тұлғаның Тапсырыс берушінің кінәсінен емес жарақаттануы, мертігуі немесе қайтыс болуы үшін, сондай-ақ олар ӨҚ және ЕҚОҚ саласындағы талаптарды бұзған болса, жауапты болмайды.

8. Мердігердің, Қосалқы мердігердің және Мердігер тартатын үшінші тұлғалардың осы Келісімнің талаптарын сақтамауы осы Шарттың талаптарын елеулі түрде бұзу болып табылады және Тапсырыс берушіге айыппұл төлеуді және/немесе Шартты бұзуды талап етуге құқық береді. Бұзушылықтар үшін жауапкершілік, оның ішінде айыппұлдар мөлшері осы Шарттың «Тараптардың жауапкершілігі» бөлімінде және Шартқа тиісті қосымшаларда ескертіледі.

9. Мердігер акт ресімдей отырып, Тапсырыс берушінің комиссиясы жұмыстарды орындауға/қызметтер көрсетуге дайындығын бағалағаннан кейін жұмыстарға жіберіледі.

10. Жұмыстардың/көрсетілетін қызметтердің ерекше түрлерін орындау/көрсету кезінде осы Келісімде толық көлемде жазылмаған, бірақ Мердігер орындауға міндетті қосымша қауіпсіздік талаптары қосымша келісімдермен бекітіледі не осы Шартқа қосымшалар түрінде енгізіледі. Тапсырыс беруші «Мердігермен ӨҚ және ЕҚОҚ саласындағы өзара іс-қимыл туралы ережені» әзірлеу және осы Ережені Шартқа қосымша ретінде енгізу арқылы кез келген қауіпсіздік талаптарын нақтылау және анықтау құқығын өзіне қалдырады.

11. Тапсырыс беруші өз кезегінде Мердігерді уақтылы және толық көлемде мыналар жөнінде хабардар етуге міндеттенеді:

1) Тапсырыс берушінің ішкі құжаттарында (саясаттарда, стандарттарда, әдістемелік нұсқауларда, регламенттерде, нұсқаулықтарда, ережелерде) ӨҚ және ЕҚОҚ саласында жазылған қолданыстағы талаптар;

2) жұмыс жүргізілетін жерлерде болатын зиянды және қауіпті өндірістік факторлар.

12. Тапсырыс беруші Мердігерге жұмыстарды қауіпсіз және талаптарға сәйкес жүргізуге кедергі келтірмеуге және оны жоғарыда айтылған да, жалпы қабылданған да қауіпсіздік талаптарын бұзуға мәжбүрлемеуге міндеттенеді.

13. Келісімнің қолданылу мерзімі негізгі мердігерлік шарттың қолданылу мерзімімен шектеледі.

Тараптардың қолдары:

Тапсырыс беруші:	**Мердігер:**
_____ Аты-жөні	_____ Аты-жөні
М.О.	М.О.

Шартқа
ӨҚ және ЕҚОҚ саласындағы келісімге
1-қосымша

Мердігердің сақтауы міндетті ЕҚ, ӨҚ және АҚҚ саласындағы Тапсырыс берушінің ішкі құжаттарының тізбесі

Көрсетілген құжаттардың қолданыстағы редакциядағы мәтіндері Мердігерге Шартты жасасу кезінде Шарт әкімшісімен ұсынылады және Мердігер оларды орындалатын жұмыстарға (көрсетілетін қызметтерге) қолданылатын көлемде өз Жұмыскерлеріне және Қосалқы мердігерлеріне жеткізеді.

№		
1	-----	«Мұнайтелеком» ЖШС сапа, экология, денсаулықты қорғау, еңбек қауіпсіздігі және API Spec. стандарттары саласындағы біріктірілген саясаты.
2	П-ИСМ-12	Еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы саясат
3	-----	ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Экологиялық саясаты
4	П-ИСМ-13	Алкогольге, есірткі құралдарына, психотроптық құралдарға және олардың аналогтарына қатысты саясат
5	П-ИСМ-11	Жерүсті көлік құралдарын қауіпсіз пайдалану саласындағы саясат
6	СТ-ИСМ-04	«Мұнайтелеком» ЖШС жұмыскерлері үшін «Өмірлік маңызды ережелер» еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы стандарт
7	СТ-ИСМ-05	«Мұнайтелеком» ЖШС (еңбекті қорғау, қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау) саласында мердігерлермен өзара іс-қимыл жасау стандарты
8	ПР-ИСМ-06	«Мұнайтелеком» ЖШС-да қауіптілігі жоғары жұмыстарды жүргізу кезінде ЕҚ, ӨҚ және АҚҚ саласындағы қауіптер мен тәуекелдерді анықтау қағидалары
9	ПР-ИСМ-07	«Мұнайтелеком» ЖШС-да оқиғалар туралы хабарлау және тергеу тәртібі туралы ереже
10	ПР-ИСМ-35	«Мұнайтелеком» ЖШС-ның мердігерлік ұйымдармен өзара іс-қимыл жасау қағидалары
11	ДП-ИСМ-08	Қоршаған ортаны қорғауды басқару
12	И-ИСМ-18	Өрт қауіпсіздігі жөніндегі нұсқаулық

Шартқа
ӨҚ және ЕҚОҚ саласындағы келісімге
2-қосымша

Оқиға туралы бастапқы хабарлама

Жалпы ақпарат _____
Ұйым _____ Филиалы _____
Бөлімше _____ Учаске _____
Оқиға орны _____
Оқиға күні _____ Уақыты (жергілікті) _____

Оқиғаның жіктелуі

Өндіріспен байланыс байланысты / байланысты емес / анықталмаған
Оқиға санаты Жазатайым оқиға / ЖКО / Авария, инцидент
Оқиға түрі «Оқиға түрі» жіктеуішіне сәйкес
Оқиға деңгейі Ірі / Елеулі / Елеусіз
Адамдар (салдардың ауырлығының егжей-тегжейі)_____
Зардап шеккендер _____ адам
Зақымдалған дене бөлігі _____
Көлік _____
Мүлік _____
Экология _____

Алкогольдік / есірткілік масаңдық _____

1. Қатысушы(лар)

Ұйым	Аты-жөні	Туған күні	Лауазымы	Оқиға болған кезде орындалып жатқан жұмыс

4. Оқиғаның қысқаша сипаттамасы

5. Дереу қабылданған шаралар

6. Ұсынылатын іс-шаралар

7. Хабарламаны дайындаған

Лауазымы	Аты-жөні	Байланыс деректері (телефон, e-mail)	Хабарлама дайындау күні, уақыты

Шартқа
ӨҚ және ЕҚОҚ саласындағы келісімге
3-қосымша

20__ж. ӨҚ және ЕҚОҚ бойынша ай сайынғы есеп

1. Мердігер кәсіпорынның атауы және мекенжайы	
2. Қызмет түрі (лицензия немесе сертификат)	
3. Тапсырыс берушінің объектісі	
4. Шарт бойынша жұмыстарды орындау мерзімі	

5. Оқиғалар статистикасы

Көрсеткіш	есепті кезең	жыл басынан бері
Мердігер Жұмыскерлерінің орташа айлық саны		
Жұмыс істеген адам-сағаттар саны		
Өндіріске байланысты жазатайым оқиғалар, оның ішінде:		
өлім (адам)		
топтық (адам)		
еңбекке уақытша жарамсыздығы (адам)		
Медициналық көмек көрсету жағдайларының саны (адам)		
Алғашқы көмек көрсету жағдайларының саны, микрожарақаттар (адам)		
Алкогольге қарсы саясатты бұзушылардың саны (барлығы / Тапсырыс беруші анықтағаны)		
Алғаш келген және Тапсырыс берушіден нұсқамадан өткен Мердігер Жұмыскерлерінің саны		
Жұмыскерлерді ЖҚҚ-мен қамтамасыз ету (%)		
Жол-көлік оқиғасы (ЖКО)		
Көлік құралдарының жалпы жүріп өткен жолы, км		
Өрт, бірл.		
Авариялар, бірл.		
Авариялық төгілулер, бірл.		
Төгілулердің жалпы көлемі, л		
Ластану алаңы, га		
Тапсырыс берушіге осы Оқиғалардан келтірілген залал, мың теңге.		
Өліммен аяқталған жазатайым оқиғалар коэффициенті, сағатына 100,0 млн. адамға (FAR)		
Еңбекке жарамсыздығына әкелген жазатайым оқиғалар коэффициенті, сағатына 1,0 млн. адамға (LTIR)		
Жүріп өткен 1,0 млн. километрге жол-көлік оқиғаларының коэффициенті (MVCR)		

6. Бақылау-профилактикалық жұмыс (тексерулер (аудиттер))

Тапсырыс беруші немесе қадағалау органдары тарапынан ӨҚ және ЕҚОҚ бойынша тексерулер (аудиттер) саны:		
Анықталған бұзушылықтар саны / оның ішінде жойылғаны		

Әзірлеген: Таджибалиева Р.К. _____	Келісілді: Туржанов К.Б. _____

Тапсырыс берушінің жұмыс жүргізуді тоқтату саны		
Тоқтатудың негізгі себептері:		
ӨҚ және ЕҚОҚ бұзғаны үшін салынатын айыппұл санкциялары сомасы		
ӨҚ және ЕҚОҚ қызметі қызметкерлерінің саны (барлығы / Объектіде ұдайы болатындары)		
Мердігер жүргізген ӨҚ және ЕҚОҚ бойынша тексерулер (аудиттер) саны		
Анықталған бұзушылықтар саны / оның ішінде жойылғаны		
Мердігердің Жұмыскерлері ұсынған «Қорғау» карталар саны		
Мердігердің жұмыс жүргізуін тоқтату саны		
Тоқтатудың негізгі себептері:		

7. Пікірлер, қосымша маңызды ақпарат

Ескертпе: ақпаратта Мердігер бойынша да, Тапсырыс берушіге қызметтер көрсету үшін тартылатын Қосалқы мердігерлер бойынша да көрсеткіштер көрсетіледі.

Мердігерлік ұйымның басшысы: _____аты-жөні _____

Толтырылған күні: «___» _____ 20 ___ ж.

Шартқа
ӨҚ және ЕҚОҚ саласындағы келісімге
4-қосымша

Мердігерлік ұйымның жұмыстарды орындауы кезінде
ӨҚ және ЕҚОҚ талаптарын бұзу туралы акт

Мердігерлік ұйымның жұмыстарды орындауы кезінде ӨҚ және ЕҚОҚ талаптарын бұзу туралы «___» _____ 20__ж. № _____акт

Мердігерге (Қосалқы Мердігерге): _____
Мердігердің/Қосалқы мердігердің атауы

Жұмыстарды орындаушыға/қызметтер көрсетушіге: _____
жұмыс учаскесі (бөлімше)

Бұзушылық (орындамау):
Нормативтік құжаттың талабы:

Қауіпсіздік талаптары бойынша анықталған бұзушылықтар негізінде:

Іс-шара	Мерзімі

іс-шаралардың орындалуы туралы есеп орындалу мерзімі аяқталғаннан кейін екі күн мерзімде ұсынылсын

Акт-нұсқаманы берген:

_____ _____ _____ _____
Тапсырыс беруші өкілінің лауазымы Қолы Аты-жөні Күні

Акт-нұсқаманы алған:

_____ _____ _____ _____
Мердігер өкілінің лауазымы Қолы Аты-жөні Күні

Ескерту: Актінің түпнұсқасы міндетті түрде Мердігерде қалады.

✂----------

Акт-нұсқамада көрсетілген іс-шаралардың орындалуы туралы белгі

«___» _____ 200__ ж. № _____

бұзушылық тармағы	орындалды (күні)	бұзушылық тармағы	орындалды (күні)

_____ _____ _____ _____
Мердігер өкілінің лауазымы Қолы Аты-жөні Күні

Қосымша 8
ф. СТ-ИСМ-05-08

ӨҚ және ЕҚОҚ бойынша іс-шаралар жоспары

1. Жалпы мәлімет
Ұйым және Шарт бойынша ақпарат келтіріледі: ұйымның атауы, Шарттың жобасы, атауы/нөмірі, Шарттың егжей-тегжейі, объектінің орналасқан жері, Шарттың иесі/Мердігерлік ұйымның өкіл(дер)і, Шарттың жетекшісі /Мердігердің өкіл(дер)і, Мердігерлік ұйымның Шарт бойынша ӨҚ және ЕҚОҚ үшін жауапты өкілі. Санаттау нысанына (ф. СТ-ИСМ-05-03) сәйкес шарт бойынша ТЖҚ тәуекел санаты көрсетіледі.

2. Кіріспе, ӨҚ және ЕҚОҚ саласындағы мақсаттар, міндеттер мен міндеттемелер
Мердігердің ӨҚ және ЕҚОҚ саласындағы, оның ішінде қауіпті жағдайларға араласу жөніндегі өз саясатының, сондай-ақ Шартта көзделген ӨҚ және ЕҚОҚ саласындағы талаптарды қамтамасыз ету үшін Тапсырыс беруші қойған негізгі мақсаттар мен міндеттердің сипаттамасы келтіріледі. Мердігер нысанға (ф. СТ-ИСМ-05-11)сәйкес Шарт бойынша жұмыстарды орындауға/қызметтер көрсетуге тартылған барлық Жұмыскерлердің «Өмірлік маңызды қағидаларын» қабылдағанын және сақтағанын растайды.

3. Орындалатын жұмыстардың/ көрсетілетін қызметтердің сипаттамасы
Орындалатын жұмыстар/көрсетілетін қызметтер түрлерінің қысқаша сипаттамасы және жұмыстарды орындау/қызметтер көрсету үшін тартылған Мердігердің жабдықтары, техникасы, мүлкі және Жұмыскерлері туралы ақпарат келтіріледі. Тапсырыс берушінің талаптарына сәйкес қолданылатын рұқсат-жүктемелердің тізбесімен бірге қауіптілігі жоғары жұмыстар көрсетіледі.

4. ӨҚ және ЕҚОҚ саласындағы басқару жүйесі
ӨҚ және ЕҚОҚ саласында қабылданған басқару жүйесінің сипаттамасы, соның ішінде қауіпті өндірістік факторларды басқару үшін орындалуы тиіс рәсімдердің, соның ішінде Шарт бойынша жұмыстарды орындайтын нақты бөлімшелерге қатысты ережелер мен процестердің қысқаша сипаттамасы келтіріледі (мұнда құжаттардың тізімі немесе егжей-тегжейлердің сипаттамасы болуы тиіс). Шарт бойынша тартылған Мердігердің барлық басшылары мен орындаушылары арасында жауапкершілік пен өкілеттіктерді бөлудің нақты сипаттамасы беріледі. Енгізу процесі Мердігердің жұмыстарды орындауға дайындығын бағалаудан және жұмыстарды орындауға/қызметтер көрсетуге рұқсат актісін алудан басталуы тиіс. Мердігер Жұмыскерлерінің өміріне, денсаулығына немесе қоршаған ортаға қауіп төнген кезде қандай да бір санкциялар қолданылмай Мердігердің кез келген Жұмыскерінің жұмысты тоқтату құқығын іске асыру тәртібі сипатталады.

5 Қосалқы мердігерлерді басқару
Тартылатын Қосалқы мердігерлердің тізбесі, сондай-ақ оларға қойылатын талаптар келтіріледі. Кез келген тартылатын Қосалқы мердігерлік ұйымдарды Мердігердің өзі алдын ала аудиттеп, Тапсырыс берушінің жазбаша келісімін алғаннан кейін ғана тарта алады. Мердігер барлық деңгейдегі Қосалқы мердігерлерге ӨҚ және ЕҚОҚ бойынша осы іс-шаралар жоспарының талаптары қолданылуын қамтамасыз етеді. Қосалқы мердігерлерді алдын ала тексеру (аудит) нәтижелері Тапсырыс берушіге оларды жұмылдыру басталғанға дейін ұсынылады.

6. Тәуекелдерді бағалау және басқару

Шартқа қол қойылған сәттен бастап ол аяқталғанға дейін процесті ұйымдастырудың схемасы келтірілген. Тәуекелдерді бағалау әдісі ТЖҚ тәуекел санатына сәйкес анықталады:
Жоғары санат – тәуекелдерді бағалау (HAZOP/HAZID/Risk Assessment);
Орташа санат – жұмыс қауіпсіздігін талдау (JSA/Job Safety Analysis);
Төмен санат – тәуекелдерді бағалау қажет емес.
Жоспарланған жұмыстарға/көрсетілетін қызметтерге қатысатын барлық тәуекелдердің және анықталған тәуекелдерді басқару бойынша қабылданған шаралардың сипаттамасы беріледі. Тәуекелдерді бағалау жұмыстарды орындау/қызметтер көрсету шарттары, көлемі немесе орны өзгерген кезде қайта қаралады.

7. Сатып алуды жоспарлау

Шарт бойынша жұмыстарды орындау/қызметтер көрсету кезінде Мердігердің алдына қойылған қызметтің негізгі көрсеткіштерін орындау жоспары (мерзімдері, жауапты орындаушылар) келтіріледі. ҚНК былайша бөлінеді:
Озыңқы көрсеткіштер (Leading indicators):
1) Тексеру (аудит) жоспарын орындау (%);
2) Жұмыскерлерді нұсқамалармен және оқытумен қамту (%);
3) ӨҚ және ЕҚОҚ бойынша өткізілген кеңестер саны;
4) анықталған және жойылған бұзушылықтар саны.
Қалыңқы көрсеткіштер (Lagging indicators):

1) оқиғалар саны (FAR. LTIR, MVCR);
2) медициналық көмек көрсету жағдайларының саны;
3) ӨҚ және ЕҚОҚ талаптарын бұзу саны;
ҚНК бойынша есептілік Тапсырыс берушіге ай сайын ұсынылады.

8. Енгізу және бақылау.

Осы жоспарды ӨҚ және ЕҚОҚ бойынша іске асыру процесінің және Мердігердің өз тарапынан оны бақылауының сипаттамасы келтіріледі. Енгізу процесі Шарт талаптары мен ӨҚ және ЕҚОҚ саласындағы талаптардың сақталуын тиісті бақылаумен сүйемелденуі тиіс. Мердігерлік ұйым тарапынан тексерулер (аудиттер) бағдарламасы ішкі тексерулерді (аудиттерді) және сыртқы тексерулерді қоса алғанда, көп деңгейлі бақылауды қамтуы тиіс. Тапсырыс беруші тарапынан келісілген көрсеткіштер бойынша қызметті бағалау тұрақты негізде (ай сайын, тоқсан сайын және жыл сайын) жүргізіледі.
Мердігерлік ұйымның ӨҚ және ЕҚОҚ саласындағы есептілігі кез келген Оқиға түрлері туралы жедел хабарлауды, сондай-ақ Заңнамалық талаптар бойынша, сондай-ақ Тапсырыс берушінің талаптары бойынша тұрақты есептілікті қамтуы тиіс.
Оқиғаларды тергеуге қатысу – негізгі міндет Оқиғаларды уақтылы тергеу және сабақ алу. Оқиғалар туралы ақпарат Мердігердің әрбір Жұмыскеріне жеткізілуі керек.
Тапсырыс беруші сыртқы тексерулердің (аудиттердің) кезеңділігін ТЖҚ тәуекел санатына байланысты белгілейді:
1) Жоағры – айына кемінде 1 рет;
2) Орташа – тоқсанына кемінде 1 рет;
3) Төмен санат – Тапсырыс берушінің шешімі бойынша.

9. Мердігердің Жұмыскерлерін ӨҚ және ЕҚОҚ саласында оқыту

Жұмыстарды/қызметтерді орындау үшін тартылған Мердігерлік ұйымның маңызды Жұмыскерлері анықталып, Тапсырыс берушімен келісілуі керек.
Мердігер тартқан Жұмыскерлер бойынша құзыреттерді бағалау жүргізілуі және ӨҚ және ЕҚОҚ саласында оқыту жоспары жасалуы тиіс. Жоспарда Заңнамалық талаптарға сәйкес міндетті оқыту, сондай-ақ Тапсырыс берушінің бағдарламалары мен бастамалары бойынша оқыту қатысуға тиіс. Оқу жоспарлары Тапсырыс берушімен келісіледі. Оқыту жүргізуге арналған ресурстар, бағдарламалар мен провайдерлер де Тапсырыс берушімен келісіледі.

Оқу жоспары міндетті түрде мыналарды қамтиды:
1) жұмысқа жіберілгенге дейін «Өмірлік маңызды қағидаларымен» танысу;
2) рұқсат-жүктемелер тізбесіне сәйкес қауіптілігі жоғары жұмыстар бойынша оқыту;
3) төтенше жағдайларда авариялық ден қою және әрекет ету бойынша оқыту.
«МТК өмірлік маңызды ережелерімен» танысу фактісі танысу парағында тіркеледі және Шарттың қолданылу мерзімі ішінде Шарт әкімшісінде сақталады.

10. Авариялық және төтенше жағдайларға ден қою жоспары (АЖЖ, МАТЖЖ)
Мердігерлік ұйымда жұмыстардың/қызметтердің түріне және оларды орындау/көрсету орнына қатысты авариялық және төтенше жағдайларды басқарудың тиісті жоспары, оның ішінде шұғыл медициналық ден қою жоспары (ШМДЖ) әзірленеді. АЖЖ, МАТЖЖ және ШМДЖ бойынша тұрақты оқу дабылдары жоспарлануы керек.
Ден қою жоспары Тапсырыс берушімен келісіледі және мыналарды көздейді:
1) Тапсырыс берушіні авариялық жағдай туындаған сәттен бастап 1 сағаттан аспайтын мерзімде хабардар ету тәртібі;
2) Тапсырыс берушімен жартыжылдықта кемінде 1 рет бірлескен оқу дабылдары;
3) авариялық жағдайларды жою кезінде Мердігер мен Тапсырыс беруші арасындағы рөлдер мен жауапкершілікті нақты бөлу.

11. Екінші деңгейдегі қосалқы мердігерлерді басқару
Мердігер:
1) Тапсырыс берушіге екінші деңгейдегі Қосалқы мердігерлердің тізбесін олар жұмыстарға/көрсетілетін қызметтерге тарту басталғанға дейін ұсынуға;
2) ӨҚ және ЕҚОҚ критерийлері бойынша екінші деңгейдегі Қосалқы мердігерлерге алдын ала аудит жүргізуге және нәтижелерді Тапсырыс берушіге ұсынуға;
3) Екінші деңгейдегі Қосалқы мердігерлердің барлық Жұмыскерлеріне осы ӨҚ және ЕҚОҚ іс-шаралар жоспарының және «Өмірлік маңызды қағидалары» талаптары қолданылуын қамтамасыз етуге;
4) Екінші деңгейдегі Қосалқы мердігерлердің ӨҚ және ЕҚОҚ талаптарын сақтағаны үшін Тапсырыс беруші алдында толық жауапты болуға міндетті.

12. Жұмысты тоқтату құқығы (Stop Work Authority)
Мердігердің әрбір Жұмыскері Жұмыскерлердің өміріне, денсаулығына немесе қоршаған ортаға тікелей қауіп төнген кезде жұмыстарды орындауды/қызметтер көрсетуді тоқтатуға құқылы және міндетті. Бұл ретте:

1) жұмыстарды тоқтату жұмыстарды тоқтатуға бастамашы болған Жұмыскерге қатысты қандай да бір санкцияларға әкеп соқпайды;
2) Жұмыскер өзінің тікелей басшысын және Шарт әкімшісін, жұмысты тоқтату негіздері жөнінде Шарт куратырын дереу хабардар етуге міндетті;
3) жұмыстарды қайта бастауға анықталған бұзушылықтар жойылғаннан кейін және Шарт әкімшісімен, Шарт куратырымен жазбаша келісілгеннен кейін ғана жол беріледі.

ӨҚ және ЕҚОҚ саласындағы бұзушылықтар үшін салынатын айыппұл санкцияларының үлгілік тізбесі[1]

№	Бұзушылық	Мердігерлік ұйымдардың ӨҚ және ЕҚОҚ саласындағы бұзушылықтар үшін салынатын айыппұл санкциялары бөлігіндегі ең жоғары жауапкершілігі келісімшарт сомасы 0-ден 100 млн. теңгеге дейін			Мердігерлік ұйымдардың ӨҚ және ЕҚОҚ саласындағы бұзушылықтар үшін салынатын айыппұл санкциялары бөлігіндегі ең жоғары жауапкершілігі келісімшарт сомасы 100 млн. теңгеден 500 млн. теңгеге дейін			Мердігерлік ұйымдардың ӨҚ және ЕҚОҚ саласындағы бұзушылықтар үшін салынатын айыппұл санкциялары бөлігіндегі ең жоғары жауапкершілігі 500 млн. теңге және шарт сомасынан жоғары		
		1-ші бұзушылық фактісі	2-ші бұзушылық фактісі	3-ші бұзушылық фактісі	1-ші бұзушылық фактісі	2-ші бұзушылық фактісі	3-ші бұзушылық фактісі	1-ші бұзушылық фактісі	2-ші бұзушылық фактісі	3-ші бұзушылық фактісі
1.	Өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы нормативтік актілердің, мұнай және газ өнеркәсібіндегі қауіпсіздік, ҚР еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау қағидаларының талаптарын бұзу (осы Қосымшаның жекелеген тармақтарында көзделген бұзушылықтарды қоспағанда)	0,5%	1%	2,5%	0,1%	0,3%	0,5%	0,01%	0,03%	0,05%
2.	Өрт қауіпсіздігі талаптарын сақтамау (осы Қосымшаның 3 және 4-тармақтарында көзделген бұзушылықтарды қоспағанда)	0,5%	1%	2,5%	0,1%	0,3%	0,5%	0,01%	0,03%	0,05%

[1] МТК қызметінің ерекшелігіне және ӨҚ және ЕҚОҚ саласындағы бұзушылықтарға қарай қалыптастырады

Әзірлеген: Таджибалиева Р.К. _____	Келісілді: Туржанов К.Б. _____

3.	Өрттің туындауына әкеп соққан өрт қауіпсіздігі талаптарын бұзу, сондай-ақ Тапсырыс берушінің мүлкін жою немесе бүлдіру (иелік титулына қарамастан)	1%	2%	3%	0,4%	0,8%	2%	0,03%	0,06%	0,08%
4.	Өрттің туындауына және адамның денсаулығына ауыр зиян келтіруге немесе өліміне әкеп соққан өрт қауіпсіздігі талаптарын бұзу	1%	2%	3%	1,0%	2,0%	3%	0,05%	0,08%	0,1%
5.	Тапсырыс берушінің ӨҚ және ЕҚОҚ саласындағы нұсқамаларын белгіленген мерзімде орындамау	0,5%	1%	2,5%	0,1%	0,3%	0,5%	0,01%	0,03%	0,05%
6.	Мердігердің оқыс оқиғалар/авариялар туралы ақпаратты жасыруы не оқиға анықталған сәттен бастап 24 сағаттан астам кешігіп олар туралы хабарлауы	0,5%	1%	2,5%	0,1%	0,3%	0,5%	0,01%	0,03%	0,05%
7.	Шартта көзделген есепті(есептерді) ұсынбау, 1 тәуліктен артық кешіктіріп ұсыну	0,5%	1%	2,5%	0,1%	0,3%	0,5%	0,01%	0,03%	0,05%
8.	Тапсырыс берушінің объектілерінде Мердігердің кінәсінен болған энергия тұтынушыларды ажыратуға/энергия жабдығының бұзылуына әкеп соққан энергия шаруашылығы объектілеріндегі оқыс оқиғалар, авариялар	1,5%	2,5%	4%	1,0%	2,0%	3%	0,05%	0,08%	0,1%

9.	Энергия тұтынушыларды ажыратуға, энергия жабдықтарының бұзылуына әкеп соқпаған, Тапсырыс берушінің объектілерінде Мердігердің кінәсінен болған инциденттер, энергия шаруашылығы объектілеріндегі авариялар	1%	2%	3%	1,0%	2,0%	3%	0,05%	0,08%	0,1%
10.	Жерүсті және/немесе жерасты коммуникацияларының (оның ішінде құбырлардың, сыйымдылықтардың) герметикасының бұзылуына әкеп соққан, Тапсырыс берушінің объектілерінде Мердігердің кінәсінен болған механикалық зақымдану	1,5%	2,5%	4%	1,0%	2,0%	3%	0,05%	0,08%	0,1%
11.	Жерүсті және/немесе жерасты коммуникацияларының (оның ішінде құбырлардың, сыйымдылықтардың) герметикасының бұзылуына әкеп соқпаған, Тапсырыс берушінің Объектілерінде және келісімшарттық аумақтарында Мердігердің кінәсінен болған механикалық зақымдану	1%	2%	3%	1,0%	2,0%	3%	0,05%	0,08%	0,1%
12.	Мердігер жұмыскерлерінің Тапсырыс берушімен келісілген рұқсат құжаттарынсыз жұмыстарды орындауы/қызметтер көрсетуі (жұмыстарды жүргізуге арналған рұқсат, әсер етуге арналған экологиялық рұқсат, акт-рұқсат, рұқсат-жүктеме және т.б.)	0,5%	1%	2,5%	0,2%	0,4%	0,6%	0,02%	0,04%	0,06%

13.	Тапсырыс берушінің өкілі орындауды тоқтатқан жұмыстарды/қызметтерді өз бетінше қайта бастау	1%	2%	3%	1,0%	2,0%	3%	0,05%	0,08%	0,1%
14.	Жұмыстарды (оның ішінде от және газ қауіпті) қауіпсіз жүргізуді ұйымдастыру жөніндегі талаптарды бұзу	0,5%	1%	2,5%	0,2%	0,4%	0,6%	0,02%	0,04%	0,06%
15.	Мердігердің қажетті біліктілігі, аттестациясы жоқ жұмыскерлерді (өрт-техникалық минимумды қоса алғанда), нұсқамадан өтпеген, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, қоршаған ортаны қорғау, технологиялық тәртіп талаптары бар нұсқаулықтармен таныспаған жұмыскерлерді жұмыстарды орындауға тартуы	0,5%	1%	2,5%	0,1%	0,3%	0,5%	0,01%	0,03%	0,05%
16.	Мердігердің Жұмыскерінің жол жүру ережелерін, жерүсті көлік құралының қозғалыс бағытын бұзуы, Тапсырыс беруші берген көлік құралының қозғалыс схемасында көрсетілмеген жолдармен жүруі	0,5%	1%	2,5%	0,1%	0,3%	0,5%	0,01%	0,03%	0,05%
17.	Осы Қосымшаның 16-тармағында көрсетілген, жол шаруашылығы объектілерінің (шлагбаумдар, жол белгілері және т.б.) немесе Тапсырыс берушінің өзге де мүлкінің (тиесілілік титулына қарамастан) жойылуына, бүлінуіне әкеп соққан бұзушылықтар	0,5%	1%	2,5%	0,1%	0,3%	0,5%	0,01%	0,03%	0,05%

18.	Осы Қосымшаның 16-тармағында көрсетілген, Мердігердің Жұмыскері адам денсаулығына ауыр зиян келтіруге әкеп соққан алкогольдік мас күйінде жасаған бұзушылықтар	1%	2%	3%	1,0%	2,0%	3%	0,05%	0,08%	0,1%
19.	Осы Қосымшаның 18-тармағында көрсетілген, адамның өліміне әкеп соққан бұзушылықтар	1,5%	2,5%	4%	1,5%	2,4%	4%	0,06%	0,08%	0,1%
20.	Орындауға / көрсетуге тыйым салатын нормативтік актілердің талаптарын өрескел бұза отырып жұмыстарды орындау/қызметтер көрсету (мысалы: ақаулы салмақ индикаторымен түсу-көтеру операцияларын жүргізу; таль блогын көтеру биіктігін ақаулы шектегішпен түсу-көтеру операцияларын жүргізу; электр беру желісін (ЭБЖ) пайдаланушы ұйыммен келісудің болмауы; жебені краннан ЭБЖ сымдарына дейін қауіпсіз қашықтықта көтеру, бұру және ұзарту механизмдеріне автоматты түрде ажырату үшін жұмыс қозғалысын шектегіштің болмауы немесе ақаулы болуы; паспорттық жүк көтергіштігінің тіркеу нөмірін, келесі ішінара техникалық куәландыру (ІТК) және толық техникалық куәландыру (ТТК) күнін көрсететін тақтайшаның болмауы; ақаулы жүк қармау құрылғылары және т.б.)	1%	2%	3%	0,4%	0,8%	2%	0,03%	0,06%	0,08%

21.	Мердігердің экологиялық талаптарды, оның ішінде қоршаған ортаны, атмосфера ауасын қорғау, жер, орман, су, жер пайдалану кодекстерінің талаптарын бұзуы (осы Қосымшаның жекелеген тармақтарында көзделген бұзушылықтарды қоспағанда)	0,5%	1%	2,5%	0,1%	0,3%	0,5%	0,01%	0,03%	0,05%
22.	Мұнай және мұнай өнімдерінің, тауарасты судың, қышқылдың, өзге де қауіпті және улы заттардың төгілуі	1%	2%	3%	1,0%	2,0%	3%	0,05%	0,08%	0,1%
23.	Отынды, электр және жылу энергиясын пайдалану қағидаларын, электр қондырғыларын орнату, электр қондырғыларын, отын және энергия тұтыну қондырғыларын, жылу желілерін, энергия тасымалдағыштарды, отынды және оны қайта өңдеу өнімдерін сақтау, ұстау, өткізу және тасымалдау объектілерін пайдалану қағидаларын бұзу	1%	2%	3%	0,4%	0,8%	2%	0,03%	0,06%	0,08%
24.	Жұмыстарды/қызметтерді толық құрамы жасақталмаған вахтаның/бригаданың/ауысымның орындауы/көрсетуі	0,5%	1%	2,5%	0,1%	0,3%	0,5%	0,01%	0,03%	0,05%

